

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

12/2013 ЖЕЛТОҚСАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ,
Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА,
Күлтәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылыми ойлар атауы

Ғалия ШӘРІПЖАНОВА.	Сөздік құрастырудағы терминологияның тілдік мәселелері.....	3
<i>Мұғалімдерге көмек</i>		
Гүлнар ДӘУЛЕНОВА.	Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдіс-тәсіл түрлері.....	8
Кама СМАДИЯРОВА.	Ұлттық құндылықтар – ұрпаққа үлгі.....	21
Қорлан ШАЙМҰРАТҚЫЗЫ.	Ауызекі сөйлеу тілі.....	27
<i>Мұғалім мінбесі</i>		
Нүргүл ДҮЙСЕНБЕКОВА.	Жаңаша оқыту – жаңаша көзқарас.....	32
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>		
Мейрам ӘБІЛОВ.	Бейімбет Майлин – әңгіменің хас шебері.....	39
Әсел БАЙДІЛДИНА.	«Қыс» өлеңінің өрнегі.....	45
Анаргүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ.	Поэма патшалығында – «Батыр Баян».....	51
Тұрсын ИЫҚБАЕВА.	«Толағай» әдеби ертегісінің әлемі.....	54
<i>Интерактивті сабақ</i>		
Гүлнәда КЕНЖЕҒАЛПЕНОВА.	Ақтөбе: кеше, бүгін, ертең.....	61
<i>Желтоқсан жаңғырығы</i>		
Әлия СЫЗДЫҚОВА, Әлия БАЙСҰНОВА.	Желтоқсан – тәуелсіздіктің ұлы рухы.....	66
<i>Кіріктірілген сабақ</i>		
Дана ОРАЗАЛИНОВА.	Екпін.....	72
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>		
Әсел ИБРАЕВА.	«Қ» дыбысын оқыту арқылы оқушылардың сауаттылығын дамыту.....	76
Мөлдір ТАПАҚОВА.	«К», «Қ» дыбыстары.....	81
Айгүл ХАСЕНОВА.	Менің Отаным – Қазақстанның жаңа сөздері.....	84
Раушан АЛЧАБАЕВА.	Сөйлеу қабілеті мен салт-дәстүрлер.....	87
Ғалия ТЮЛЮБАЕВА.	Сөздік жұмысын байытқан музыка аспаптары.....	93
Меруерт ТАБЫЛҒАНОВА.	Сауатты сөйлеткен Балуан Шолақ.....	100
Роза МАХАМБЕТОВА.	Сөйлеу мәнерінде – Тәуелсіз мемлекет.....	103
Айгүл ЕЛУБАЕВА.	Жыл мезгілдерін қайталап қан – жаттығу жұмыстары.....	106
Ардақ СЫЗДЫҚОВА.	Менің күн тәртібім: тәуелдік жалғау мен септіктер.....	111
Ақайша ЕЛУБАЙҚЫЗЫ.	Қазақстан Республикасы мен «Сын есім» сыры.....	114
<i>Әдеби кеш</i>		
Айжан ИБРАЕВА, Ғалия УКИЕНОВА.	Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!.....	122
<i>Сыныптан тыс тәрбие</i>		
Айман ӨМІРЗАҚОВА.	Көркем сөзбен көмкерілген Тәуелсіз еліміз.....	127
Айгүл ӘБШЕВА.	«Тіл» – тірегім, соғып тұрған жүрегім.....	134
<i>Шәкірт шабыт шағында</i>		
Нұрканат ОЛЖАС.	Желтоқсан.....	143

Ғылыми ойлар атауы

Ғалия ШӘРІПЖАНОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
Алматы қаласы.

СӨЗДІК ҚҰРАСТЫРУДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТІЛДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Терминологиялық сөздіктер ғылым мен техниканың салаларына қатысты терминдердің ұғымдарын түсіндіріп беруді көздейді. ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бері түркі тілдерінің барлығында ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларынан көптеген терминологиялық сөздіктер жасалды. Терминологиялық сөздіктер бір тілді түсіндірме сөздік түрінде де, екі тілді аударма сөздік түрінде де дүниеге келеді.

Ғылым мен техниканың дамуында орыс тілінің үлесі зор болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Нәтижесінде Кеңес дәуіріндегі түркі тілдерінің барлығындағы терминологиялық сөздіктер негізінен аударма тәсілімен істелді. Сөздіктердегі терминдер оған қойылатын өлшемдерге сай бір мағыналылық, бір саланың мамандары ғана қолданатын және негізінен ғылымның тар аясындағы дерексіз ұғымдардың атауы болу сияқты талаптарды қанағаттандырды.

Қазақ тіліндегі терминжасам мәселесінде ең көп тараған тәсілдердің бірі – калькалау. Біз қарастырған аударма терминологиялық сөздіктерде, оның ішінде техникалық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердегі сөздердің басым

көпшілігі осы тәсілмен жасалған шет тілдерден енген терминдер. Калькалау – өзге тілдердегі сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдердің құрылымдық семантикалық қалпын қазақ тіліне сәйкестендіріп көшіру. Калька да аударма болып есептелгенімен, бағыты бөлек. Калькалау сөздің кез келген сөздіктен баламасын іздемейді, аударма құралын өзі жасайды, яғни, жаңа сөз тудырады, бұрыннан бар сөздерге жаңаша мағына үстейді. Бұл жөнінде белгілі терминтанушы Шерубай Құрманбайұлы былай дейді: «Калькалау – өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады.» (Терминдердің қалыптасу көздері мен терминжасам тәсілдері. А., «Сөздік», 2005, 240-б.).

Ал осы өзге тілдегі терминдерді өз тілімізге калькалау арқылы көшіру ерекшеліктеріне сәйкес калькалауды бірнеше топқа бөледі:

1. Құрылымдық калькалар – шет тіліндегі сөздердің сөзжасамдық негізділігін көшіріп алатын калькалар.

2. Семантикалық калькалар – шет тіліндегі сөздердің ауыспалы мағынасына ие болатын калькалар.

3. Синтаксистік калькалар – шет тіліндегі сөздердің синтаксистік, яғни, құрылымдық негізділігін сақтап көшірілетін калькалар.

4. Фразеологиялық калькалар – шет тіліндегі фразеологизмдердің барлық компоненттерін дәлме-дәл көшіріп алатын калькалар.

Сонымен бірге құрамындағы компоненттері жартылай ғана көшірілетін калькалар да болады.

Калькалау – баламасыз лексиканы жеткізудің кең тараған түрі және терминологиялық сөздік түзуде кең қолданылатындықтан тереңірек тоқталдық.

Терминологиялық сөздік жасауда баламасыз лексиканы жеткізудің өзге де түрлері қолданылады. Олар: транслитерация (шетел сөзін алып, аударма тілдің әріптерімен бейнелеу); жаңа сөз не сөз тіркесін жасау (аударма тілдің мүмкіндігін пайдалану); сипаттама аударма (тілдік бірліктердің мағынасын кеңінен сипаттау); ұқсастырып аудару.

Осындай әр түрлі жолдармен термин жасау ХХ ғасырдың басынан бері, қазіргі уақытта да кең қолданылады.

Қазіргі таңда ғылыми-техникалық әдебиеттердің қазақ тіліне көптеп аударылуы, аударма техникалық сөздіктердің түзілуі заман талабынан туындап отыр. Алайда аударма еңбектер, соның ішінде сөздіктер тіліндегі стилистикалық, грамматикалық қателіктер ғылыми-техникалық аударма ісінің әлі де болса толық жолға қойылмағандығын аңғартады.

Жаңа термин жасау – күрделі үдеріс. Өйткені шет тілдің сөзін аудару арқылы сол сөздің жаңа мағынасын жасау, жаңа сөз жасау мақсаты көзделеді. Алайда терминдерді қазақ тілінде жасау кезінде жіберілетін кемшіліктерді қазіргі кезде ғалымдар шартты түрде былай жіктеп жүр:

1. Бір терминнің екі сөздікте екі түрлі берілуі;

2. Бір-бірімен байланысты ұғым атауларын терминологиялық жүйелілікті сақтамай аудару:

- жеке термин ретіндегі аудармасы бір басқа, ал күрделі термин ретіндегі аудармасы бір басқа терминдер;

- бірде аударылып, бірде аударылмай берілген терминдер.

3) Жұрнақтардың дұрыс аударылмауы, мұның өзін екіге бөліп қарастыруға болады:

- орыс тіліндегі әр түрлі жұрнақтардың қазақ тілінде

бір ғана жұрнақпен берілуі;

- орыс тіліндегі бір жұрнақтың қазақ тілінде әр түрлі жұрнақпен берілуі.

4. Аудармасы күмән туғызатын жұрнақтар.

5. Сөздіктерде аталым ретінде берілмеген терминдер.

6. Аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақша-лаудан туатын қателіктер.

Кейде бұл шарттарға техникалық мәтіндерде көптеп кездесетін изафеттік тіркестердің аудармасы сай келе бермейді. Мәселе, *оқырман билеті, неміс ғалымы* тіркестері орыс тіліне *читательский билет, немецкий ученый* болып аударылып жүрсе, *байланыс желісі, байланыс жолы, электрониканың өркендеуі* тіркестері басыңқы сөзден бастап аударылады. Дегенмен де, біз осы шарттарды басшылыққа алып, университетімізде 2009 жылы жарық көрген «Жылу қайратият атауларының қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігін» /Е.Нүрекен, Д.Темірбаев, Б.Алияров/ қарастырып шықтық. Батыл түрде атаулардың көпшілігі аударылып берілгенмен, аудармасы күмән туғызатын сөздер, сөздіктерде аталым ретінде берілмеген терминдер, бір терминнің екі түрлі сөздікте екі түрлі берілуі, т.б. сияқты кемшіліктердің көрініс беріп қалатынын кездестірдік. Сөздіктің қазақша-орысша берілуіндегі ана тіліміздегі нұсқасы көңілге сенімсіздік тудырады. Мысалы, *ақырсыз – бесконечный, ауалы – пневматический, ауамен тасымалдау – пневмотранспорт, ауданша – микрорайон, әкелу – подвод, әкету – отвод, әкетінді – унос. Ал хаос, абсорбция (бейберекеттік, бойына сіңіру)* деген терминдерді толық аудармай, түсініктемесін жақшаның ішінде көрсеткен жөн деп есептейміз. Сол сияқты *еселі аумағы – кратный интеграл, екінші мекендік - ордината, бірінші мекендік*

– абсцисса, жабысу – аугезия, жанарғы – горючее, кейіптеме – формула, жалғастырғыш – муфта, жабық жол – галерея, жинағыш – аккумулятор, жинау – аккумуляция, жиын – множество, жұп берне – четная функция, жылу қозғалым – термодинамика, көмекші құрылым – инфраструктура, коэффициент – еселеуіш, затшалық маңыз – молекулярная масса, күмбез – сфера, көрнек сызба – диаграмма, вольтөлішер - вольтметр болып берілген сөздер де күмән ұялатады. *Наладка – жөнге салу, лабораторная работа – зерттеу жұмысы* болып аударылған. Бұрынғы бар сөздіктердегі аудармасы бойынша *баптау* және *зертханалық жұмыс* сөздері дұрыс балама болады деп есептейміз.

Барлық терминдерді аударуға тырысу терминжасам жүйесіне қойылатын талаптарға сай келе бермейді. Бір лексикалық бірлік тілде термин ретінде де, жалпы лексикада да қолданыла бергенімен, сенімсіздік туғызған жағдайда терминдік бірлік жалпы қолданыстағы лексемаға көшеді /В.М.Лейчик. Терминоведение: предмет, методы, структура. М., «ЛКИ», 2007. 29-б./.

Терминжасам жүйесін қалыптастыру терминтану өлшемдеріне сай бірнеше топқа бөлінетінін ескерте кеткен артық бола қоймас деп есептейміз. Олар: базалық қалыптасқан басты терминдер, негізгі терминдер, туынды және күрделі терминдер, салааралық терминдер. Терминологиялық сөздік түзу үдерісінде барлық өлшемдерге ден қойып, сауатты жасалуын қадағалау автордың еншісінде екендігін ұмытпау лазым.

Жоғарыда айтылған мәселелерді қорыта келгенде, әр түрлі ғылым саласына байланысты терминологиялық сөздік жасау үдерісіне тек сала мамандары ғана емес, тіл мамандары да ат салысқаны жөн болар еді деп ойлаймыз.

Гүлнар ДӘУЛЕНОВА,
«Балдәурен» республикалық
оқу-сауықтыру орталығының
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

Ақмола облысы,
Шучинск қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛ ТҮРЛЕРІ

Технология – әдістеме. Әдіс дегеніміз – білім берудің теориясы.

Тәсіл дегеніміз – іс, меншікті іс. Тәсілдердің элементтері, амал жолдары:

- 1) таныстыру, берілген білімді тексеру, бекіту, жүйелеу, тиянақтау;
 - 2) деңгейлік тапсырмалар – қиын мәселелерді шешкізу;
 - 3) мониторинг- тексеру;
 - 4) деңгейлік тапсырмалар – дифференсация;
 - 5) таным жолы – оқушыларды әрекетке кіргізу.
- Мұғалім және оқушылар, оқушылар және оқушылар.

Оқыту әдісі дегеніміз – мұғалімнің білімді меңгерту жолындағы тәсілі. Әдіс оқушының өз ынтасын, ішкі қозғаушы күшін жұмысқа бағыттауды ұстанады. Әдіс тек әрекеттің негізгі мақсаты болуы шарт. Әр түрлі құралдарды қолдану әдіске бағынышты.

Құралдардың әр түрлі болуы әдістің құрылымын өзгертуге ықпал етеді. Әдістер арқылы білім мазмұнын меңгереміз. Мұғалім оқушыларды оқытуда түпкі нәтижеге жеткізер деген әдіс-тәсілдерді таңдап алуды қарастырады. Педагогиканың бір саласы – дидактиканың негізгі міндеті – оқыту үрдісі бағынатын білім беру мазмұнын, оқыту заңдылықтары мен көзқарастарын, әдістерін және ұйымдастыру формаларын қоғам талабына сай қолданудың жолдарын қарастыру.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтың мақсат-мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа әдістерді жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалау ерекше орын алады (1,18-бет).

Оқу жоспарын жасағанда, оның бағдарламасы мен оқулықтарындағы оқу материалдарын іріктеп, таңдауда оқушылардың жас өзгешелігі мен психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Сондай-ақ, әрбір сабақтың мазмұнына қарай амал-құралдарды қолдануда оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне үлкен мән беріледі. Атап айтқанда, оқушы материалды терең түсініп, саналы меңгеруі үшін, оның тақырыптық ішкі заңдылығы мен өзара байланысын дұрыс анықтап, тиісті қорытынды жасай білуі қажет. Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын

жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді) оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгі қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл болінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы – осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден деп айтуға болады.

Қазіргі кезде қазақ тілін қандай бағытта, қандай мазмұнда оқыту керек?

Меніңше, коммуникативті функционалды бағытта болуға тиіс. Сондықтан тілдің коммуникативті механизмін ашу қажет. Яғни, оның сөйлеу үдерісіндегі, сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әңгіме құрастырудағы рөлі амал-құралдар арқылы меңгертіледі.

Ең алғаш қазақ тілін үйрету барысында оқушыға айналадағы өзі қоршаған органы, заттарды, құбылыстарды таныстыру көзделеді. Бұлардың бәрі де оқушыға белгілі бір тақырып айналасында екінші біреудің сөзін есту арқылы, онымен өзі әңгімелесіп, сөйлесу арқылы, мәтінді оқу арқылы меңгертіледі. Яғни, оқушы қазақ тілінде сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасайды. Мысалы: «Мен

қазақша сөйлеймін», «Асқар – менің досым», «Мен осы үйде тұрамын» деген тақырыпта бір-бірімен танысады, әңгімелеседі.

Мұғалім – мектептегі басты тұлға. Ол өз ісімен өзгеге үлгі болып жетекші болады. Білімі терең, әдістемелік шеберлігі мол, мақсаты айқын, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Мұғалім жұмысындағы, әсіресе, сабақ беруіндегі бір ерекшелігі – ұғымдарды белгілі бір сызбалармен түсіндіріп, соны қолдана отырып, іскерлік жұмыстар жүргізіледі. Мысалы, бір ғана ұғымды шағын көрнекілікпен жинақтап, баланың түсінуіне ыңғайлы етіп ұсынады. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, білу – қазіргі таңның басты мәселесі. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі – әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрету, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру – күрделі жұмыс. Сондықтан, сабақ үрдісінде түрлі әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін ұйымдастыруда оқушылардың белсенділігі көрінетіндей, олардың әлі ашылмаған қырлары байқалатындай, сабақтың түрлі пішіндерін іздестіремін. Бұл орайда деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының көмегі тиіп жүр. Өзімді сабақ үстінде оқушының іс-әрекеттерін бақылаушы, бағыт беруші, жол сілтеуші рөліне қоямын. Бұл оқушылардың өзіне деген сенімін арттырып, пәнге деген қызығушылықтарын оятуға көмектеседі. Сол қиындықтарды жеңілдету үшін мен мына әдіс-тәсілдерді қолданамын:

Сұрақ-жауап.

Өз ойын айту.

Баяндау.

Сұхбаттасу.

Монолог.

Аударма.

Мұндай әдістер оқушылардың тілін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ойлау қабілетін дамытуға, өз ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді. Тіпті, үлгерімі төмен оқушылар да осындай әдістерді қолдану барысында өз білімдерін көрсете алады.

Сабақта оқушыларға жалпы өмірде, күнделікті тұрмыста кездесетін жайларды дұрыс танытып, ойларын кеңейтіп, сабақты сапалы игеруде көрнекі құралдардың, дидактикалық материалдардың маңызы зор. Сабақта тақырыпқа байланысты пайдаланған көрнекіліктен ұтарымыз көп:

1. Сабақты түсіндіргенде мұғалім қиналмайды;
2. Оқушылар материалды тез қабылдап меңгереді;
3. Оқушылардың ынтасы артады;
4. Тіл ұстарту жұмысы еркін жүзеге асады;
5. Суретпен жаңа сөздің мағынасы түсінікті болады.

Барлық дидактикалық материалдар оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытады. Сонымен бірге білім сапасын көтеруге, балалардың оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыруға әсерін тигізеді.

Орыс мектептерінде лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгерту – өте күрделі жұмыс. Грамматикалық және лексикалық тақырыптарды оқыту барысында тірек-сызбалардың қолданылуы тілді

дамытуға, сөздік қорын молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ойларын қазақша жеткізе білуге жаттықтырады. Тіпті, үлгерімі төмен балалар үшін тірек-сызбалар олардың жұмыс істеу қабілеттерін арттырып, дамытады.

Оқушылар білімін жүйелі тексеріп, бақылап отыру оқушыларды жауапкершілікке, үнемі жұмыс істеуге, мақсатқа жетуде – табандылыққа, қиындықтан қорықпауға баулиды. Сонымен қатар, оқушылар білімінің тиянақтылығын және тереңдігін арттырады. Жұмысты жеңілдету үшін білімді тексерудің алуан түрлі жолдарын іздестіру - әрбір мұғалімнің міндеті.

Сондықтан жаңа педагогикалық іскерлікті қолдануға ерекше мән беріп, пайдаланатын әдістерге тоқталайын:

1. Шаталовтың тірек – сызба нұсқасы және өзара байланысты бірнеше деңгей әдісі.

а) Сыныптағы тақтаға салынған сызба нұсқа арқылы сабақты түсіндіремін. Мысалы: «Наурыз» тақырыбына тірек сөздерді оқушылардың өзіне жазғызу, мұғалім толықтырып отырады.

ә) Әдемі салынған сурет немесе плакатты көрсету арқылы түсіндіру. Балалар суретті көре отырып, соны жазбаша баяндайды. Оқушылардың көру қабілеттеріне әсер етеді. Мысалы: «Қыс» суретімен әңгіме құрастыру.

2. Фирсовтың дифференциалды оқыту түрі. Материалды блок түрінде жеткізу. («Атақты күйшілер»). Оқушыларды топтарға бөліп, қабылдау.

Слайд.

(Бағыт жазылып тұрады).

1-бағыт – аударма.

I топ – «Құрманғазы».

II топ – «Дина».

2-бағыт – сұрақ-жауап.

I топ – «Дина».

II топ – «Құрманғазы».

3-бағыт – мазмұндау.

I топ – «Құрманғазы».

II топ – «Дина».

1. **Аударма жұмысы.** Бірінші бағыт бойынша әр топ өз тұсында жазылған мәтінді аударды.

2. **Сұрақ-сызба.** Екінші бағыт бойынша әр топ өз тұсында көрсетілген мәтінмен жұмыс істейді. Мәтіннің мазмұнын ашатын алты сұрақ дайындап, сызба сызады.

а) Күй атасы – Құрманғазы.

1. Кім?

2. Қай жерде туып-өскен?

3. Оның ұстазы кім?

4. Құрманғазы күйлерінде нені суреттеген?

5. Алғашқы күйі қалай аталады?

6. Ол неге қарсы күрескен?

ә) Күй анасы – Дина.

1. Кім?

2. Қашан, қайда туды?

3. Құрманғазыны қашан көрді?

4. Құрманғазы қандай аманат айтты?

5. Домбырада неше жасынан ойнады?

6. Шығармалары.

Мәтіннің мазмұнын айту. Үшінші бағыт бойынша әр топ өз тұсында көрсетілген мәтіннің мазмұнын

жоғарыдағы сұрақтар бойынша не сызылған сызба арқылы әңгімелейді.

3. *Канаржевский әдісі* – жаңа сабақтың тақырыбын жасырып ұстау арқылы оқушының назарын сабаққа аудару. Мысалы: 7-сыныпта «Қазақфильм» киностудиясы» тақырыбы сөзжұмбақ арқылы беріледі.

4. *Профессор-зерттеуші Ж.Қараевтың технологиясы.* Оқушылардың білім дәрежесіне сәйкес тапсырмалар беру. Оқушылардың өз білім дәрежесіне сәйкес тапсырмаларды таңдап алуы. Мысалы: әр тақырып бойынша өтілген сабақтарды пысықтай отыру.

Слайд. Киіз үй тақырыбындағы деңгейлік тапсырмалар.

5. *Проблемалық оқыту әдісі.* Бұл әдіс күнделікті сабақта қолданылады. Тақырып бойынша оқушыға сұрақ беру, жаңа сабаққа ойын аудару, осыдан келіп сабақтың соңында эвристикалық әдіс қолданылады, яғни, оқушының өз ойын түйіндеп, сабақты қорыту.

5. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы бойынша «5 жол стратегиясы».

Мысалы:

1. 1 зат есім (бауырсақ).

2. 2 сын есім (дәмді, жұмсақ).

3. 3 етістік (пісіреді, қуырады, жейді).

4. 3-4 сөзден сөйлем (Менің әжем тәтті бауырсақ пісіреді).

5. 5 синоним (нан).

6. *Ойын технологиясының түрлері.*

А). Халық педагогикасы.

«Қыз қуу», «Бәйге».

Ә) «Сыңарын тап» ойыны.

Мағынасы бір сөздерді біріктіру.

Сәлеметсіз бе?	Тағам.
Қонақ	Қоштасу.
Үлкен кісі	Сыйлау.
Көріскенше	Төр.
Дастарқан	Амандасу.

Б) «Әрі оқу, әрі ойын». Бір оқушы орысша сөз айтады, екіншісі қазақша аудармасын айтады:

Здание – ғимарат;

город – қала;

природа – табиғат;

мальчик – бала.

В) Тест жұмыстары нәтиже сабақта алған білімдерін тексеруге көп көмек береді.

Қандай да іскерлік әдістерді пайдаланған кезде оқушының белсенділігін, мақсатқа ұмтылуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, көңіл-күйдің көтеріңкі болуы камтамасыз етіледі.

Қандай тақырып болса да, мұғалімнің шеберлікпен жүргізген әрбір сабағы оқушы үшін мол білімнің көзі болуы керек.

Сабақ бастамас бұрын ой шақыру арқылы мен не білем, ал соңында «мен нені білдім?» деген тұжырым жасауларын бақылау – қажеттілік. Мен осы айтқандарымды тиімділігіне қарай өз сабағымда пайдаланып жүрмін.

Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек сөзбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен, қарым-қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу), ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді.

Морфологиядан «Сөз таптарын» оқыған кезде тірек сөзбаны қолдану өте қолайлы.

Мысалы, мына сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Мен кеше әжеммен және атаммен бес әдемі жейде сатып алдым.

Мен – дара, негізгі, жіктеу есімдігі.

кеше – дара, негізгі, мезгіл үстеуі.

әжеммен, атаммен – дара, негізгі, жалпы, жанды зат есім.

және – жалғаулық, дара, негізгі, ыңғайластық шылау.

бес – дара, негізгі, есептік сан есім.

әдемі – сын есім, дара, негізгі, сапалық, жай шырай.

жейде – зат есім, дара, негізгі, жалпы, жансыз, атау септік.

сатып алдым – етістік, күрделі, туынды, өткен шақ, ашық рай.

Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, ұстаздың тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, білемін, үйренгім келеді, білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас, болжау, Автор орындығы, топтастыру, т.б., стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының қозғарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды (2, 38 бет).

Менің оқушыларыма үлкен қызмет ететін әрі қызықтыратын – «Ой-толғаныс» кезеңі. Мұнда әр оқушы өз білімін қаншалықты игергенін дәлелдеуге

тырысады. Оларды «Автор орындығы», «Еркін жазу», «Дискуссиялық парта», т.б. ерекше қызықтырады. Өзінді тыңдату және өзгенің пікірін мұқият тыңдау, бағалау, сыни тұрғыдан талқылау, ой бөлісу сияқты тиімді әрі пайдалы қажеттіліктерді үйретеді. Бұл таңда сабақтарымда қолданылып жүрген «Сыни тұрғыдан ойлау» әдісі оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

Мен өз тәжірибемде, көбінесе, оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлемін. Оқушы бірлесіп үйретуде, кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауға, ортақ мәселелерді талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында, жаналықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады.

Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жағдайларға назар аударылды:

- 1) оқушылар бір-біріне бірдей бағынышта, сыйластықта болды;
- 2) жауапкершіліктері артты;
- 3) топқа бөлгенде оқушылардың ойлау мүмкіндіктері ескерілді;
- 4) топта барлық мүшелерінің бір-бірін тыңдау, күту шыдамдылығы, кезектесіп сөйлеу дағдылары қалыптасты;
- 5) мұғалімнің, оқушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету еркіндігі тең дәрежеде болды;

6) топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі шыңдалды;

7) оқушының, ең алдымен, есте ұстау қабілеті жоғарылады;

8) оқушының сөйлеу дағдылары дамыды;

9) жұмыс жасау кезінде топ мүшелерінің қабілетіне, олардың бір-біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын құрметтеуге машықтанды;

10) бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салып, өздерінің білім алуын көтермеледі;

11) оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктерін беретін ортада оқушы өз пікірлерін, білімдерін жеткізді.

Осындай сабақтарда мұғалім тек ұйымдастырушы, бағыттаушы, сараптаушы ретінде көрініп, бар жауапкершілікті оқушылардың өз тізгіндеріне беріп, үлкен жауапкершілікті сезінтеді.

Бір сыныпта отырған балалардың ұлты, оқу ынтасына қарай тілді білу дәрежесі де әр түрлі болып келеді. Сол себепті де нақты нәтижеге жету үшін модульдік оқыту технологиясының тиімді екенін күнделікті іс-тәжірибемнен көріп келемін. М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясының негізі баланың тұлғасын алға қояды, бұл жаңа білім парадигмасына сай келіп отыр. Модульдік технологияның басты ерекшелігі – оның тек қана білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни жадының алуан түрлерін ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға бағытталады.

**Қама СМАДИЯРОВА,
Маңғыстау облысының
Ақтау қаласындағы
№12 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

Қорыта келе, бұл технологияны қолдану нәтижесінде:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттері дамиды;
- Танымдық үдерістерді жетілдіреді;
- Оқуға қызығушылығы қалыптасады;
- Белсенді сөздік қоры, ауызша және жазбаша тілі дамиды;
- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

«Еңбексіз талант – тұл» дегендей, уақыт көшінен қалмай, өркениетті елдермен тереземіз тең болуы үшін ұрпақ алдындағы борышымызды естен шығармайық. Қазақ даласының алғашқы ағартушыларының бірі, балалар әдебиетінің атасы – Ы.Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім өте қымбат, өйткені ол – мектептің жүрегі» деді емес пе? Олай болса, іскерлік пен ізденімпаздықта табысты болайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.М.Артықова, Ж.Қыстаубаева. Қазақ тілі. (оқыту әдістемесі). А., 2005;
2. М.М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту. Құрал ретінде, А., 2002;
3. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А., 1996.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰРПАҚҚА ҰЛГІ

Халқымыз рухани асыл қазынасының алуан түрлерін салтында, ғұрпында сақтаған. Сондықтан одан үйрену, үлгі алу – бүгінгі ұрпақ үшін кезек күттірмес жауапты іс. Ал бұл тұрғыда мектеп өмірінде мұғалімдер жүйелі түрде жұмысқа кірісуі керек. Әр сабақ, әр тәрбиелік шара ата салтымыздың неше түрлі қорларын ашуға, жоғалып бара жатқан жақтарын еске түсіруге, оларды насихаттауға үлес қосатындай ұйымдастырылуы керек.

Өзімнің осы бағытта жұмыс жасағаным 2-3 жыл болды. Алғашқы кезде қиындығы кездескенімен, қазір еңбегімнің бос кетпегенін көре бастағандаймын.

Әр сабақ көрнекілік түрінде болсын, сөйлем талдауға, белгілі бір тапсырмаларды орындату үшін алынған шағын мәтіндер түрінде болсын үнемі халықтық педагогикаға негізделеді. Енді сондай сабақтарымнан кейбір үзінділер келтірейін.

6-сыныпта қазақ тілінен «Сөз тұлғасы» тақырыбын өткенде интерактивті тақта бетіне мына мәтінді

шығарамын.

Қымыз – халқымыздың бірнеше ғасырлар бойы үздіксіз пайдаланып келе жатқан ұлттық тағамы. Ол – тек тағам емес, сонымен қатар халықтың қасиетін, дәулетін, салтанатын, байлығын, мырзалығын, дастархан берекесін білдіретін ырыс белгісі. Басқа тағамдарға қарағанда, қымызды дайындаудың тәсілдері, салт-дәстүрлері, ырымдары мен кәде-жоралары көп.

Сұрақ: - Қымыз неден жасалады?

Жауап: - Қымыз жылқы сүтінен жасалады.

Сұрақ: - Сүт алынатын жылқының түрі қалай аталады?

Жауап: - Бие.

Сұрақ: - Қымыз тек тағам ретінде ғана пайдаланыла ма, оны тағы қандай мақсатта қолданады?

Жауап: - Қымыздың емдік қасиеті мол. Ол – шипалы сусын, әлсізге әл береді.

Осы мәтін бойынша тапсырмалар:

1) Жұрнақ арқылы жасалған сөздерді табындар (байлық, мырзалық, т.б.);

2) Екі түбірден жасалған сөздерді табындар (салт-дәстүр, кәде-жоралар, т.б.).

Келесі бір сабақта, мысалы, «Қос сөзде» мынадай мәтінмен жұмыс жасатуға болады:

Алтыбақан – ұлттық ойын болғанымен, оның салт-дәстүрлік маңызы одан гөрі жоғары тұр. Кешкілік ауылдың қыз-жігіттері аулақтау жерге алтыбақан құрып, ойын-сауық жасайды. Бұл жастардың өнерін, ойын, көзқарасын, танымын қалыптастыруда зор тәрбиелік қызмет атқарады.

Сұрақ: - Алтыбақан қалай ойналатын ойын, көргендерің бар ма?

Жауап: - Телидидардан көргеніміз бар. Өткеншекке ұқсас, тек екі басына екі адам тұрады не отырады.

Сұрақ: - Алтыбақаннан басқа қандай ұлттық ойын білесің?

Жауап: - Ақсүйек, тоғызқұмалақ, соқыртеке, ұшты-ұшты, т.б.

Тапсырмалар:

1. Мәтіннен қосарлану арқылы жасалған сөзді табындар (қыз-жігіт, ойын-сауық, т.б.);

2. Бірігу арқылы жасалған сөздерді табындар (алтыбақан, көзқарас, т.б.);

3. Дәптерлеріңе ұлттық ойындардың атын жазып, олардың қалай жасалып тұрғандығын анықтаңдар.

«Сан есім» тақырыбын өткен кезде мынадай мәтінді пайдалану тиімді болды:

Қазақтың байырғы ұлттық баспанасы – киіз үй болған, оны соңғы кезде киіз үй, кейде қазақ үй деп атайды. Киіз үйлердің түрлері мен атаулары көп. Бұрынғы хан-сұлтандардың үйлері 8 қанаттан бастап 30 қанатқа дейін баратын болған. 8-18 қанат сәнді үйлердің киіздерін ақ жүннен басып, үстіне күйдірілген әкпен, күйген сүйектің күлімен ағартып бояған. Киіз үйлердің «Қыпшақ үлгісі», «Қалмақ үлгісі» деп аталатын екі түрі бар.

Біріншісі – иығы шығыңқы, мінсіз дөңгелек үй, ал екіншісі – еңсесіз шошақ үй...

Сұрақ: - Киіз үйлер қандай бөліктерден тұрады?

Жауап: - 3 бөліктен тұрады: киіз үйдің ағаштан жасалатын сүйегі, киіз жабдығы, бау-шулары болады.

Сұрақ: - Біздің жергілікті жерімізде киіз үйлердің ең көп тарағаны неше қанатты үйлер?

Жауап: - 6-7 қанатты.

Сұрақ: - Киіз үйдің ішіндегі жасауларын кім айтады?

Жауап: - Жүк аяқ, сырлы кебеже, бесік, сандық, тұскиіз, сырмақ, алаша, көрпе, т.б.

Тапсырмалар:

1. Мәтіннен сан есімді тауып, оның қалай жасалып тұрғанын айт (8, 30, 8-18, бірінші, екінші);

2. Осы мәтінді өздерің әрі қарай толықтырып айтып көріңдер. Бірақ сөйлемдеріңнің ішінде сан есім болуын ескеріңдер.

Жауап: - Киіз үйлер 3 бөліктен тұрады. Біріншісі – үйдің сүйегі, оған кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық жатады. Екіншісі – киіз жабдықтары, оған: үзік, түйдік, туырлық, ши де жатады. Үшіншісі – бау-шулары, оған: басқұр, таңғыш, желбау, белбеу арқан, түйдік бау, үзік бау, т.б. жатады.

Әдебиет сабағында ауыз әдебиеті үлгілерін өткен кезде, олардың қай-қайсысында да балалар көп түсіне бермейтін сөздер кездеседі. Оларға үнемі түсінік мәтіндер жазып келіп, интерактивті тақтаға шығарған дұрыс. Мысалы: «Қобыланды» жырын өткенде:

«Тұлымдыны тұл қылды,

Айдарлымды құл қылды ...» дейді.

Тұлым – баланың кішкентай кезінде шашын өсірмей, екі шекесіне қойылған екі шоқ шаш. Мұны тұлым дейді. Тұлым, көбінесе, қыз балаға қойылады және ол – сәбиге лайықты ғұрып.

Айдар деп балалардың төбе шашын ұзартып өсіріп, моншақ араластыра өріп қоюды айтады. Бұл ғұрып ер балаға жасалады. Бұрын ел бұл ғұрыпты көп қолданған.

«Алпамыс батыр» жырында «біреу мосыға шай қайнатып отыр» деген бар. Қазақ халқында мосы көп пайдаланылған. Мосы – тұрмыстық сайманның бір түрі. Көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыз кез келген жерде бел шешіп, даладан тамақтанып, шай-су қайнатып ішіп, сапарларын әрі қарай жалғастырып отырған. Осы кезде мосы тиімді болған. Мосы – шәйнекті іліп отқа қоятын, темірден жасалған үш аяқты мүлік.

Тағы да осы жырда «Құйрық жеп, бетке ұн жағу осылардан қалған, ірге басып, қалыңдық ойнау да солардан қалған» делінген. Бұған байланысты мынадай түсіндіру мәтінін алып келуге болады.

Құдаласу үстіндегі ең жауапты сәттің бірі – құйрық-бауыр асату. Қыз әкесі құйрық пен бауырды ұсақтап турап, алдымен құдаларына асатып, содан соң өздері асайды. Бұл екі жақ енді бауыр-туыс болады деген сөз. Құйрық-бауыр жесіскен соң, дәстүр бойынша, ешқашан уәдені бұзуға болмайды.

Осы тойдың, құдалықтың қызған сәтінде «Қуаныштарың құтты болсын!» деп бір топ әйел кіріп келіп, шашуды сылтау етіп, құдаларға үлкенді-кішілі құрттарды жаудырады. Шашу үстінде басы жарылып, көзі іссе де ешкім ренжімеуге тиіс. Әйелдер шашудан соң

қонақтарға жеке-жеке талап қойып, біріне ән салдырса, екіншісіне күй тартқызып, жаңылтпаш айттырады. Талапты орындай алмағандары тиесілі жазаларын алады. Бірінің үстіне суық су құйып, бетіне күйе, ұн, балшық жағады. Қаншама қиын талап қойылса да, құдалар мойын ұсынып, артын әзілге бұрып, тапқырлық көрсетулері керек.

Жырды мәнерлеп оқу кезінде осындай сөздер кездесе, түсінік беруді міндетті түрде жүргізіп отырған дұрыс. Әрине, әдебиет сабағында тақырыпқа сай келетін мақал-мәтел жинақтап келу, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты шығармалар жазу – жиі кездесетін жұмыстар. Олар арқылы да баланың өз ұлты туралы танымы молаятыны түсінікті.

Айта берсе, мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Әр сабақтағы жеке оқушыларға дайындап келген қима қағаздардағы сөйлемдерді де осы халқымыздың мол мұрасының ішінен тауып пайдалану тиімді.

Ал сабақтардағы бекітуге, қайталауға көбірек қолданатын «Текемет салу», «Бастаңғыға шақырамыз», «Ақсүйек», «Түйе қомдау», «Ат ерттеу» сияқты көрнекіліктерім халықтық дәстүрді, ұлттық үрдістерді бала бойына сіңіруге елеулі үлес қосып келеді. Егер тәрбиелеуде де, білім беруде де халықтық тәжірибеге арқа сүйеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуді тек нақандық жұмыс ретінде емес, күнделікті өмірде үздіксіз жүргізсе, ісімізден нәтиже шығары сөзсіз!

**Қорлан ШАЙМҰРАТҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан облысының
Шемонаиха ауданындағы
Михайловка орта мектебінің
қазақ тілі және әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ

Нағыз сабақ, ол – әрқашан сұхбат, іздене, дайындала, үйрене, кеңесе, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі.

Білім беру жүйесіндегі қазіргі талап, сабақты ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі – оқытудың жаңа технологияларын орынды қолдану болып табылады. Қазақ тілін оқу, өзге ұлтқа оқыту мәселесі кейінгі кезде ғана қолға алына бастағандықтан, қазақ тілінен әр сыныпта қажетті сөзді, ауызекі сөйлеу дағдысын сұрыптап алу да, оны қалай оқыту мәселесі де қазір ғылыми негізде зерттеліп жатыр. Адам өзінің рухани байлығын толықтыру үшін өзге тілдерді үйренуге тырысқаны жөн. Мен «Жаңа технологиялар бойынша ойын элементтерін қолдану арқылы оқушыларды ауызекі сөйлеуге үйрету» мәселесі бойынша жұмыс істеймін.

Біріншіден, ауызекі сөйлеу тілін білген адам оны өзінің кәсіби құзыры деңгейінде арнайы әдебиеттерді оқуға, хабар алмасуға және кәсіптік іскерлігін жетілдіру мақсатында пайдалана алады. Қос тілді қатар қолданатын қоғамда өмір сүргендіктен дәрігер, мұғалім, байланыс қызметкері және басқа да мамандық иелері өздерінің

кәсіби міндеттерін жоғары деңгейде атқару үшін тілді білу керек.

Екіншіден, белгілі бір халықтың тарихын, яғни, мәдени, рухани байлығының ерекшеліктерімен тереңірек танысады. Балаларды сөйлеуге, сөйлесу арқылы оқуға, тыңдауға үйретуге болады.

Мақсаты: оқушыларымыздың тілін дамыту үшін қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық тұлғаларын меңгертіп, оларды сөйлемдерде дұрыс қолдануды үйрету керек. Мұғалімнің алдына қойған мақсаты – оқушылардың ауызша және жазбаша дағдыларын қалыптастыру, теориялық білімдерін тәжірибеде пайдалана білуге жетелеу, сұраққа дұрыс жауап беруді, ойларын жүйелі түрде жеткізе білуді үйрету. Оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оның қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқытудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үдерісінде бірлесе әрекет ету. Сонымен қатар, өткен сабақ материалдарын бекітуде, ауызекі сөйлесуге ынтасын тудыратын көрнекі құралдың есту мен көру түрін қолдануға ерекше мән беру.

- Білім беру үрдісінің нәтижесін жоғарылату;
- Белсенді және толық қатынасқа үйрету;
- Белгілі жағдаятқа байланысты оқушылардың ауызекі сөйлеу үрдісінің қалыптасуына мүмкіндік жасау.

Тіл дамыту дегеніміз- оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету болып табылатыны белгілі.

Бұдан тіл дамытудың мағынасы, көлемі кең ұғым екендігін байқауға болады.

Адам ойын ауызша не жазбаша түрде жеткізеді. Сондықтан оқушы тілін дамытуда ауызша және жазбаша бағыттар бір-бірімен байланысты жүргізіледі.

Сөйлеуде қолданылатын тілдік нұсқалар – дыбыс, сөз, сөз тіркесі тілді оқытудағы негізгі мәселелер екені анық. Тіл дамытуда дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, қазақ тілінің орфоэпиясын меңгеру жұмыстары жүргізіледі. Ал бұлар ауызша сөйлеу тілінің негізгі мәселесі болып табылады.

Екінші тілді үйрету ісінде оқушы тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастырғанда, жаттығулардың атқаратын қызметі зор. Жаттығулар ғылымда екіге бөлінеді: тілдік және сөйлесу жаттығулары. Тілдік жаттығулардың міндеті – тілдің грамматикалық материалын оқушыға меңгерту. Сөйлесу жаттығуларына сұраққа дұрыс жауап беру, сұрақ қоя білу, сөйлем үлгілерін дұрыс пайдалана білу, аудару, шығарма жазу, ситуациялық жағдайларда сөйлей білу, т.б. жатады.

Оқушы қазақ тілінен меңгерген бай сөздік қорын қарым-қатынаста қолдана алмаса, тіл білген болып саналмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту жаңа сөздердің сөйлесуде қолданысқа түсуімен байланысты.

Тілдік жаттығулар оқушыларға тілдік тұлғаларды қолдандыруға жаттықтырып, оны сөйлесуде қолдану дағдысын қалыптастырады. Ана тілінде адам ойын жеткізу үшін сөздерді қалай байланыстыруды, қай қосымшаны қай сөзбен қолдануды, білдіретін ойына сөйлемнің қандай түрін, қалай қалыптастыруды ойланып жатпайды. Екінші тілді үйренуші оқушылар алғаш ойды қалай жеткізуді ойлайды, дайындық жаттығулары тілдік тұлғаларды қолдануды үйретіп қана қоймай, оны

ойланбай қолданатын дәрежеге жеткізуді жүзеге асырады.

Амал- тәсілдері.

Сөйлеу жаттығуларын сурет арқылы оқушыны сөйлеуге үйрету, оқыған кітабының мазмұнын әңгіме ету, мақал-мәтелдерді сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, тақпақ, өлең айтуға үйрету де жатады.

Бұлардың бәрі – оқушы тілін дамытудан құралады. Оқушы тілін дамыту жұмысында суреттерді қолдану пайдалы. Әр сабақта оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алып, әсіресе, бастауыш сыныптарда көрнекіліктерді кеңінен қолданамын.

Бұл оқушылардың көру арқылы еске сақтау, сауатты жазу қабілеттерін дамытады. Менің кабинетімде лексикалық тақырыптар бойынша да, грамматикалық тақырыптар бойынша да суреттер, дидактикалық материалдар, көрнекіліктер жүйеленіп жинақталған.

Суретпен сұрақ-жауап, ауызша толық сипаттама, жазбаша мазмұндама, шығарма сияқты түрлі жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

Бұл жұмыс, қайсысы болсын, оқушыны қазақша сөйлеуге жаттықтырады, қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастырады, тілін дамытады.

Оқушы тілін дамытуда кітап оқу зор қызмет атқарады.

Кітап оқуға оқушыны қызықтыруды бастауыш сыныптан бастау керек. Қазір кітап оқу дағдысын оқушыда қалыптастыру – өте қиын жұмыс. Кітап оқуға дағдыландыру жұмысын ұтымды жүргізудің амал-тәсілдерін іздестіру орынды. Оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар, сұрақ-жауаптар балаларды қазақша сөйлеуге, сұраққа жауап беруге, өздерін бір-бірімен сөйлестіруге, оқығандарын ауызша, өз бетінше

айтуға дағдыландырады.

Мұғалім оқушының өздігінен оқығандарын елеусіз қалдырмай, ол туралы оқушымен әңгімелесіп отыруы қажет. Оның жолдары көп: кітап не туралы екенін сұрау, ондағы оқиғаларды айтқызу, кейіпкерлер туралы әңгімелесу, т.б.

Нәтижелер. Оқушы тілін дамытуда тақпақ жаттау, өлең айту да пайдалы болып саналады. Оқушы әр сыныпта бірнеше тақпақ жаттайды, олар, көбінесе, оқулықтан, «Балдырған» журналынан, «Жыл он екі ай» журналынан беріледі. Әр тақпақты жаттап, оны дұрыс айту арқылы оқушы тілі жаттығады.

Өлең айтуға, ән салуға үйрету де тіл дамытуда өзіндік қызмет атқарады. Жұмыстың бұл түрі оқушымен жеке жүргізіледі, өлең айтуға қабілеті бар, дауысы бар оқушыларға бұл жұмыс өте ұнайды. Ал ән айтуға жаттығу кезінде оқушы өлеңінің әр сөзін, мағынасын түсінеді. Мен өз тәжірибемде алдына ала әр сыныпқа үйрететін әндерді жоспарлап, сөзі мен әуенін дайындаймын.

Мысалы. 1-сыныпта – «Қошақаным».

2-сыныпта – «Мектепте үйретеді».

3-сыныпта – «Анашым».

4-сыныпта – «Отан».

Жоғары сыныптарда бағдарламадан тыс жақсы ән айтатын оқушыларға Абайдың өлеңдерін және қазіргі кездегі әндерді үйретемін.

Осы әдіс-тәсілдер сабақтан тыс жұмыста қолданылса, оқушылар, менің ойымша, ауызекі сөйлеуді меңгереді. Орыс сыныптарында өтілетін әр сабақ тіл дамыту сабағы деуге болады.

Нұргүл ДҮЙСЕНБЕКОВА,
Қызылорда облысының
Шиелі ауданындағы
Г.Н.Ковтунов атындағы
№252 орта мектептің мұғалімі.

ЖАҢАША ОҚЫТУ – ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

«Сабақ беру – жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер». **Ж.Аймауытов.**

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш – тек білімде ғана. Қай елдің болмасын, өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты.

Біз – ұстаздар қауымы, қандай болмасын, жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Педагогикалық шеберлікті арттыру орталығының ұйымдастыруымен «Назарбаев зияткерлік мектебі» курсы бағдарламасын меңгеруде түйгенім:

- Оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер;
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту;
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту;
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер:

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер «Диалог негізінде оқыту және оқу» және метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйретуді» қарастырады.

Білім беру әдістері ішінде ерекше орын алатыны – диалог. Диалог – оқушылардың сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Әр түрлі тақырыпта диалог құрғызу мынадай нәтиже береді:

- сабақта белсенділік жоғарылайды;
- сөздерді есте сақтау қабілеті дамиды;
- сөйлемді дұрыс құруға дағдыланады;
- оқуға қызығушылықтары артады.

«Қалай оқу керектігін» үйретудің қозғаушы күші метатану болып табылады. Метатану – индивидтің қалай ойлайтынын қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту қабілеті. Білім алуды үйрету өз бетімен оқуды ойластыру және ойлау нәтижелерін сабақта қолдана алу үдерісі болып табылады. Бұл үдерісте мұғалім оқушыға:

- білім міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- жеке ойлау үрдісін және олардың жұмыс қағидаттарын зерттеуге;
- міндеттерді орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға:
- нақты міндет үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектеседі.

2.Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша, ол:

- шындалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану төмендегідей нәтиже береді:

- білім алушының белсенділігін арттыру;
- пәнге қызығушылығын ояту;
- өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру;
- зерттеуге икемділігін дамыту;
- сөйлесім әрекеті белсенділігін арттыру;
- білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға үйренеді.

Жалпы, сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақтар қойып, дәлелдерді талдайды.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.

Бағалау—оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол – материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар, оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Бағалау оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау деп екіге бөлінеді. Формативті бағалау – әр сабақта жүзеге асатын үрдіс. Формативті бағалау сабақ барысындағы барлық іс-әрекет бойынша оқушының білім, білік деңгейіне қоса дербес ойлауы, түсінігі, тіпті, тәртібі, т.б. бағаланады. Ал, сумативті бағалау немесе жиынтық бағалау – оқушыны белгілі бір кезеңдегі бақылаулар, білімді тексеру тестісі кезінде көрінетін білім деңгейінің өлшемі.

Жалпы, бағалаудың барлық түрлері төмендегілерді қамтиды:

1. Бақылау;
2. Алынған мәліметтердің интерпретациясы;
3. Бұдан арғы іс-әрекетті анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау.

4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның тиімділігі – келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскерлігі мен шығармашылығын еркін дамытуға

жол ашатын педагогикалық-психологиялық жағдай жасауында.

Интерактивті тақта – әр түрлі грамматикалық тапсырмаларды орындауда, мәтіндермен, жаңа сөздермен түрлі жұмыстар жүргізуде, сөздерге талдау жасауға, уақытты үнемді пайдалануға, оқушылардың ынтасын арттыруға қажетті әрі пайдалы құрал. Әр түрлі тест тапсырмаларын жүргізіп, оқушылардың білім сапасын бақылауда да компьютерлік технологияның үлесі зор.

Талантты және дарынды балаларды оқыту.

Дарындылық – адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Көбінесе, “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиындық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету – оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың

танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

“...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып, құртып тынады”. Плутарх.

Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

5. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

Еш нәрсеге бейімділігі жоқ, қабілетсіз бала болмай-тыны педагогикада дәлелденген.

Мысалы, төрт жасар балалар көп сұрақ қояды және «қайда?», «не?», «кім?», «неге?», «қашан?» сияқты көптеген сұрақтар пайдаланады. Олар бес сөзден тұратын сөйлемді пайдалана алады және олардың 1500 сөзден тұратын сөздік қоры бар. Бес жасар балалар бағыныңқы бөліктері бар алты сөзден сөйлем құрай алады және 2000 сөз пайдаланады. Бірінші сынып оқушылары 6000 сөзге дейін пайдаланады, ал ересектер 25000 сөз пайдаланады және 50 000 сөз біледі. Жалпы, шәкірт бойына білім нәрін сіңіруде, ең бастысы, оқушының жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Топтық жұмыс немесе диалог барысында оқушының жас ерекшелігін ескере отырып жұмыстану – бұл мұғалімнің жан-жақты ойластырылған шеберлігін қажет етеді.

6. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Осы заманғы кез келген оқыту технологиясы оқу үдерісін ұйымдастыру кезеңінде технологияның бар мүмкіндіктерін үнемі шығармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көңіл аударуда. Оқыту технологиясын оқыту үдерісін ұйымдастыру, басқару және бақылау деп түсіну керек. Өз тәжірибемнің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу

үшін алдыма мынадай мақсат қойдым:

- заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдыма қойған міндеттерім:

- жас ұрпақтың қабілеті мен дарынын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу.

Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті, ең бірінші, сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрация, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, көшбасшылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «III деңгей бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық».
2. www.cpm.kz алынды.

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Мейрам ӘБІЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
№1 лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН – ӘНГІМЕНІҢ ХАС ШЕБЕРІ

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екенін паш етіп отыр. Қарқынмен өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де маңызды мәселе – «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» (Мұғалімдерге нұсқаулық кітабынан 4-бет).

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру институты осы мәселелерді шешу мақсатында ағылшындардың «Кембридждік оқыту тәсілін» мұғалімдерге үйретіп жатыр. 2012 жылы «Кембридждік оқыту тәсілі» бағдарламасы бойынша үш айлық курстың II деңгейін Алматы қаласында оқып келдім. Бұл оқытудың мақсаты – жеті модульді қолдана отырып, мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру. Мұғалім оқушыларға білімді игертуде тек бағыттаушы, іс-әрекетті үйлестіруші қызметін атқарады. Демек, оқушының өзіндік жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Оқушының өзіне деген сенімділігін нығайта түседі. «Кембридждік оқыту» тәсілі

жеті модульден тұрады:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
4. Оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалану;
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту;
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
7. Оқыту мен оқудағы басқару және көшбасшылық.

Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімін жай ғана иеленіп ғана қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аударылуы қажет. Оқушының білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда, оның оқуын барынша жекешелендіру және баланың бойындағы метасананы – қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары керек.

«Кембридждік оқыту тәсілін» қолдану барысында келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

1. Оқушылар өз ойларын еркін айтады;
2. Ынтымақтастық іске асады;
3. Топпен, жұппен жұмыс атқарылады;
4. Сөйлемейтін оқушы болмайды;
5. Шығармашылықтары дамиды;
6. Пәнге деген қызығушылықтары артады;
7. Қызығушылықтарының негізінде ынтасы артады;
8. Ынтаның артуы білім сапасының жақсаруына алып келеді.

Бүгінгі заман талабына сай мектептерде ақын-жазушылардың шығармашылығын оқытуда инновациялық технологиялар кеңінен қолданылуда. «Кембридждік

оқыту тәсілінің» модульдерін қолдана отырып, 7-сыныпта өткізілген сабағымның үлгісін көпшілікке ұсынып отырмын.

Мақсаты: білімділік – қазақ әдебиетінің хас тұлғасы Бейімбет Майлиннің өмірі және шығармашылығымен таныстыру; дамытушылық – оқушылардың сөйлеу тілдерін дамыту және өзіндік жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік – адамгершілікке, сыйластыққа, еңбекке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, талдау, салыстыру, дәлелдеу, диалог. Түрі: топтық, жұптық жұмыс, мәтінмен, кітаппен жұмыс.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (**1 минут**):

Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу. Көңіл-күйлерін сабаққа бағыттау.

II. Үй жұмысын тексеру (интерактивті тақтаға жазылған сұрақтарға жауап беру) (**8 минут**):


1. Мағжан Бекенұлы Жұмабаев кім?
2. Қай жылы қай жерде туған?
3. Мағжан қай жерлерде оқыған?
4. Ақынның алғашқы кітабы қалай аталады?
5. Мағжанның қандай өлеңдер жинағын білесіңдер?
6. Ақынның туған жерге, патриотизм тақырыбына жазған өлеңдерін атаңдар.
7. Қандай поэмаларын білесіңдер?
8. Кімдердің шығармаларын аударды?
9. «Сүйемін» өлеңі не туралы?
10. Біздің қалада Мағжан атында нелер бар?

11. Биыл, 2013 жылы Мағжан ақынның неше жылдығын тойлаймыз?

12. Диалог дегеніміз не?

III. «Миға шабуыл» стратегиясы.

Қазақ әдебиетінің үш бәйтерегі туралы сұрақ қойып, интерактивті тактаға жаздырту (1 минут).



Оқушыларды 4 топқа бөлемін. Әр топта 5-6 оқушыдан болады. Дәптерге ай, күнді, тақырыпты жаздыртамын.

IV. Жаңа сабақ: Мұғалім сөзі (3 минут):

- Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: Бейімбет Майлин – әңгіменің хас шебері. Сабағымызды бастамас бұрын сөздікке көңіл аударайық.

Сөздікпен жұмыс (сөздік дәптерге жаздырту):

хас шебер – истинный мастер;

кедей малшы – бедный скотник;

қаршадайынан – с малых лет;

бейнелеу – изображать;

шағын – небольшой;

елуге тарта – около 50;

қарасөз – проза;

шынайы – истинный;

қисса – эпическая поэма;

көркем шығарма – художественное произведение.

Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығы туралы өздеріңіз топта жұмыс істеу барысында танысасыздар. Сіздерге бүгінгі тақырып туралы ақпарат-мәтінді таратамын. Сол мәтінді оқып, түсінгендеріңізді постерге түсіріп, такта алдында қорғайсыздар. Топпен жұмыс (15 минут).

I топқа берілетін мәтін: Б.Майлиннің өмірі.

II топқа берілетін мәтін: Б.Майлиннің туыстары.

III топқа берілетін мәтін: Б.Майлиннің білім алған оқу орындары.

IV топқа берілетін мәтін: Б.Майлиннің шығармалары.

Жаңа сабақты постермен қорғап шығады. Бір-біріне сұрақтар қояды.

V. Сергіту сәті (1 минут). «Қара жорға» биі.

Мұғалім сөзі: - Балалар, әдебиет сабағында сіздер «өнер», «кейіпкер», «гипербола», т.б. қазақ әдебиеті саласына жататын сөздермен таныстық. Енді бүгін «әңгіме» деген ұғыммен танысамыз. (2 минут).

Әдебиет теориясы (слайд, дәптерге жаздырту).

Әңгіме дегеніміз – қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма.

Сұрақтар:

1. Қазақ әдебиетінде балаларға арнап тұңғыш әңгімелер жазған кім? (Ы. Алтынсарин).

2. Ы.Алтынсариннің қандай әңгімелерін білесіңдер?

VI. Кітаппен жұмыс (3 минут):

«Артық болмас білгенің» (137-бет). 4 топқа үзінділерді бөліп беру:

1. Оқыту;
2. Тапсырма (жалқы зат есімдерді табу).

VII. Қорытынды (интерактивті тақтаға жазылған сұрақтарға жауап беру, 7 минут):

1. Бейімбет Майлин кім?
2. Қай жылы, қай жерде, қандай отбасында дүниеге келді?
3. Бейімбеттің оқуына кімнің әсері болды?
4. Бейімбеттің әңгімелерін атаңдар?
5. Әңгімелерінің негізгі тақырыбы не?
6. Мағжан мен Бейімбет қайда кездескен?
7. Мағжан мен Бейімбеттің шығармашылығының айырмашылығы неде?

VIII. Үйге тапсырма:

«Айт күндері» әңгімесін оқып, сұрақтар мен тапсырмаларды орындау (143-бет).

IX. Рефлексия парағы:

- Бүгінгі сабақ ұнады ма? Ұнаса несімен ұнады?
- Алдыңғы сабақтардан өзгешелігі бар ма?
- Бейімбет Майлин туралы толық ақпарат алдыңдар ма?
- Топпен жұмыс жасау қиындық тудырған жоқ па?

X. Бағалау.

«ҚЫС» ӨЛЕҢІНІҢ ӨРНЕГІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: Абай Құнанбайұлының «Қыс» өлеңіндегі идеялық мұрат туралы түсінік беру.
Міндеттері: білімділік – Абайдың қысқаша өмірімен таныстыру. Абайдың шыққан ортасы, тегі туралы айту.
«Қыс» өлеңінің тілдік ерекшелігін оқыту. «Қыс» өлеңінің көркемдік қуатын оқушылар санасына жеткізу; **тәрбиелік** – оқушыларды қыстыгүні құстарға қамқор болуға тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, еркін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдер:** «Топтастыру» стратегиясы, суреттеу, бейнелеу, сұрақ-жауап.
Көрнекіліктер: Абайдың портреті, жыл мезгілдерінің суреті.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сабақты мақсатына сай ұйымдастыру.

II. Үй жұмысын тексеру.

Үй жұмысы сұрақ-жауап әдісі арқылы тексеріледі.

Мұғалім: - Балалар, біз өткен сабақта қазақтың тұңғыш ағартушысы, педагог, біздің жерлесіміз Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығымен таныс болғанбыз. Ендеше, үй жұмысын тексермес бұрын, Ыбырай

Алтынсарин туралы біз не білеміз? Осы сұраққа жауап іздеп көрейікші.

Оқушылар Ы.Алтынсарин туралы қысқаша мәліметтер айтады:

1. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тұңғыш педагогы, ақын, жазушы.

2. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының Қостанай ауданында дүниеге келген.

3. Балалар әдебиетінің атасы.

4. Балаларды білім алуға, еңбекқор болуға, елін, жерін сүйуге тәрбиелеген.

5. Ыбырай Алтынсарин қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Ақтөбеде, Ырғызда мектеп-интернат ашты.

6. Ыбырай ағамыз балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгімелерден тұратын «Қазақ хрестоматиясы» деп аталатын кітап жазған.

7. Ақынның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар», «Жаз», «Өзен» деген өлеңдері бар.

8. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің басты тақырыбы – еңбек, еңбек адамы. «Атымтай Жомарт», «Өрмекші мен құмырсқа», «Әке мен бала» әңгімелерінде еңбектің маңызын көрсетеді, еңбекпен тәрбиелеуге үйретеді.

Сабақта Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесінен түсінгендерін ортаға салады.

1. Оқушы әңгіменің толық мазмұныны айтып шығады.

2. Әке мен бала әңгімесіндегі басты кейіпкерлер кімдер?

- Әкесі мен баласы.

- Әкесі қандай адам? Мінездеме беру.

- Әкесі – еңбекқор адам. Себебі, жолда қалған аттың бір ескі тағасын баласы алмаған соң өзі иіліп алады. Қаланың шетіндегі темірші ұсталарға тағаны үш тиынға

сатады. Одан біраз өткен соң үш тиынға бірталай шие сатып алады.

3. Баласы қандай бала? Мінездеме беру.

Баласы – жалқау, еріншек. Себебі, әкесінің «анау тағаны, балам, ала жүр» деген сөзін тыңдамай, жерге бір рет иілуге ерініп, «сынып қалған тағаны не істейін?» деп жерде жатқан тағаны алмай тастап кетеді. Тағаны өткізіп, ақшасына шие сатып алған әкесіне артында келе жатқан бала тым-ақ қызығып келеді. Жерге бір-бірлеп түскен шиені жалма-жан жерден алып, ауызына салады. Сонымен, әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жейді.

4. Әңгімедегі негізгі ойды анықтау.

Әкесі баласына «тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеруге еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орынына он еңкейдін» дейді. Бұдан шығатын негізгі ой «Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең – көптен де құр қаларсың». Яғни, аз жұмысты қиынсынып жалқаулыққа бой алдыруға болмайды.

Мұғалім: - Дұрыс айтасындар, балалар, өзінің өлеңдері мен әңгімелерінде Ыбырай Алтынсарин ағамыз балаларды жалқау, еріншек болмауға, керісінше, білім алуға, еңбекқор болуға, елін, жерін сүйуге тәрбиелеген. Ендеше, бүгінгі сабақта біз сіздермен Ы.Алтынсарин сияқты өзінің өлеңдерін мәдениет пен білімге арнаған қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы сөз қозғайтын боламыз.

ІІІ. Жаңа сабақ. Оқушыларға сабақтың мақсаты мен тақырыбы таныстырылады.

Оқушылар не білуі керек? Абайдың өмірімен таныса отырып, шығармашылығын білу.

Оқушылар не игеруі керек? Шығарманы талдай отырып, ұйқас түрлерін ажырата білу және өлең тармақтарынан кейіптеу мен теңеу сөздерді таба білу.

Абай Құнанбайұлы жайлы интерактивті тақта арқылы балалық шағынан бастап жазған шығармалары жайлы, туған жері, мұражайдағы сақталған заттары жайлы мағлұмат беріледі.

Мұғалім:-Абай Құнанбайұлы 1845 жылы бұрынғы Қарқаралы ауданына қарасты Шыңғыс тауының баурайында дүниеге келген. Шын аты – «Ибраһим». Әжесі еркелетіп «Абай» деп атап кеткен. Болашақ ақын жас кезінен өлең, әңгімеге әуес болып, әжесі Зере мен Ұлжанның аңыз-әңгімелерін барлық ынтасымен тыңдайтын.

Ауыл молдасынан арабша сауат ашқан Абайды әкесі он екі жасында Семейге оқуға жібереді. Абай Ахмет Риза медресесінде оқиды. Медреседе оқытылатын дін сабақтарынан басқа араб, парсы тілдерін жақсы меңгерген.

Абай орыс әдебиетінің нәрімен сусындаған, ақын Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Абайдың көп өлеңдері мәдениет пен білімге арналған. Сондай өлеңдер қатарына «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдері жатады.

Абай атамыз – тұңғыш рет қазақ әдебиетінде табиғатқа жан бітіріп, табиғатты адам бейнесінде жырлаған ақын. Жылдың төрт мезгіліне арнап жазған өлеңдері «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» деп аталады.

Негізгі күн көрісі – мал болғандықтан, соның жайын ойлап, сай-сала, ықтасынды паналаған көшпелі қазақ елінің қалың қар, қақаған аяз, ақ түтек бораннан көрген азабы аз болмаған.

Ұлы ақын, міне, сол қазақ үшін қаһарлы маусымға да «Қыс» деген өлең арнаған. Ал қысты адам кейіпінде, адам бейнесінде суреттеу ұлы Абайға дейін болмаған.

Ақ киімді, ақ сақалды, үсті-басы ақ қырау, алып денелі соқыр, мылқаудың басқан жері сықырлап келіп қалды, әрі сондай қорқынышты болса, әрі сондай әсерлі, бейнелі.

Тақырыпқа қатысты басым сөздер:

түсі суық – грозный вид;

шидем – верхняя одежда;

әуес көру – любопытствовать;

домбығу – замёрзнуть;

үй шайқалды – дом закачался;

долдану – злиться;

бұлттай қасы – брови, как тучи.

«Қыс» өлеңін әуезді деңгейде ұнтаспа арқылы тыңдау.

Оқушылар өлеңді мәнерлеп оқып шығады.

Мұғалім:-Абай өлеңінің шеберлігі неде? Әдебиет теориясына үңілейік.

Оқушылар өлеңнен кейіптеу, теңеу сөздерді табады.

Бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін оны екінші нәрсеге салыстырып суреттеуді теңеу дейді.

Теңеу сөздер: бұлттай, борандай. Жансыз заттарға, табиғат құбылыстарына адамның әрекет сезімдерін теңеп суреттеуді кейіптеу дейді.

Кейіптеу сөздер:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті-басы – ақ қырау, түсі – суық.
 Басқан жері сықырлап келіп қалды.
 3 шумақты үш қатарға бөле отырып, шумаққа, бунаққа,
 буынға, тармаққа талдау.

Буын түрлерін ажырату.

IV. Сабақты сұрақтар арқылы қорытындылау:

- Ақын қысты кімге теңеген?
- Қыстың күшін қалай бейнелеген?
- Өлеңде балалар жайлы не айтылады?
- Малшы жөнінде не айтылады?

V. Бекіту. «Топтастыру» стратегиясы бойынша Абай Құнанбайұлы туралы білетіндерін, естігендерін жинақтау.

Абай туралы не білдім?

Абай қай жерде дүниеге келген?	Абайдың шын аты кім?	Абай қайда білім алады?	Абай кімдердің шығармаларын аударған?	Абайдың мәдениет пен білімге арналған өлеңдері қандай?	Жыл мезгіліне арнаған өлеңдері қалай аталады?

VI. Үйге тапсырма:

- 1-қатар. «Қыс» тақырыбына сурет салу.
- 2-қатар. «Қыс көңілді» немесе «Қыс» тақырыптарының біріне шығарма жазу.
- 3-қатар. Қысқа байланысты мақал-мәтелдер, жұмбақ жазу.

VII. Бағалау.

Анаргүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
 Мәжит Жүнісов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Жаңақала ауданы,
 Жаңақазан ауылы.

ПОЭМА ПАТШАЛЫҒЫНДА – «БАТЫР БАЯН»

Мақсаты: «Батыр Баян» поэмасының идеялық-мазмұндық табиғатын ашу, батыр Баянның қоғамда атқарған рөлін ұғындыру. **Міндеттері:** **білімділік** – шығарманы жан-жақты талдауға және шығармашылықпен жұмыс жасай алуға үйрету; **дамытушылық** – шығармаға жан-жақты талдау жасау арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту, дамыту, дүниетанымдарын кеңейту; **тәрбиелік** – оларды ізгілікке, адамгершілікке, өзгеге қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Типі: білімді бекіту сабағы. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі:

- А) амандасу;
- Б) оқушыларды түгелдеу;
- В) сабаққа жұмылдыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру (сұрақ-жауап):

1. М.Жұмабаев қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
2. Алғаш білімді қай жерден алады және қандай оқу орындарында оқиды?
3. Мағжаннан кім үлкен үміт күтеді?

4. Алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы, қай жерде басылып шығады?

5. Қандай қызмет атқарады?

6. Қандай өлеңдерін, поэмаларын білесіздер?

7. «Батыр Баян» қандай шығарма? Поэмада қай кездегі оқиға суреттеледі?

8. Басты кейіпкерлері кімдер?

9. Мазмұнын айту.

III. «Батыр Баян» поэмасы.

Шығарманың идеясы: Ерлерді елі ұмытпас.

Шығарманың тақырыбы: XVIII ғасырдағы қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік, батырлық, ерлік.

Оқиғаның болған кезі. Түйенің тоқсан түрлі желуі бар, Әдемі ертегідей баяғыда.

Оқиғаның басталуы. Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай, Бір бойына сұлулық жиылғандай (қалмақ қызының қолға түсуі).

Оқиғаның байланысы. Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян (Ноянның қалмақ қызына ғашық болуы).

Оқиғаның дамуы. Екі жастың жұмбағы.

Оқиғаның шиеленісуі. Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып, Асығып екі жастың қанын ішті.

Оқиғаның шарықтау шегі. Алашым, аттанамын, Жауыңда өлем!

Оқиғаның аяқталуы. Ерлерді елі мен жері ұмытпайды!

IV. Поэманың көркемдік ерекшелігі.

Эпитет: сұм өмір, қу өмір, қыран көз, сұм садақ.

20

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,

Сұм өмір абақты ғой саналыға.

Теңеу: ертегідей, қойдай өрген, Меккедей,

30

жолбарыстай.

Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
Түс ауа Жолдыөзекке жетіп қалды.

Метафора:

өмір – абақты, сөз – сиқыр,

Сарыарқа – сары дария,

екі от – орыс, қытай.

Сарыарқа – сары дария қиыры жоқ,

Көз болсын, қандай қыран, талады да.


15

V. Поэма кейіпкерлері туралы кестені толтырайық:

Абылай хан	Батыр Баян	Ноян	Қалмақ қызы
1711-1780 жылдары қазақ халқының ел азаттығы үшін күрескен тарихи тұлға.	Қалмақ, жоңғарларға қарсы күрескен тарихи тұлға.	Жас, ақылы - білегінде.	Қайсар, жап-жас, қу.

VI. Венн диаграммасын жасау.

Ноян ортақ Лағда



VII. «Поэмадағы ең бақытсыз жан» тақырыбына ой-толғау жазу.

VIII. Шығарма кейіпкерлеріне 5 жолды өлең.

IX. Дебат: Батыр Баянның Ноян мен қалмақ қызын өлтіруі құптарлық іс пе?

X. Бағалау.

XI. Үйге тапсырма: осы поэмадағы тарихи тұлғалар туралы мәліметтерді қарастыру, реферат жазып келу.

Тұрсын ИЫҚБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
Н.К.Крупская атындағы
№ 10 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«ТОЛАҒАЙ» ӘДЕБИ ЕРТЕГІСІНІҢ ӘЛЕМІ



Сабақтың мақсаты мен міндеттері: 1) Ә.Тәжібаев туралы қысқаша мағлұмат беру, «Толағай» әдеби ертегісінің мазмұны, идеясымен таныстыру; 2) әдеби ертегіні халық ертегісінен ажырата білуге үйрету, талдай, дәлелдей, тұжырымдай білуге жетелеу, мәнерлеп оқуға машықтандыру; 3) елге, Отанға деген патриоттық сезімдерін оятып, сүйіспеншілігін арттыру.

Сабақтың барысы:

I. Қайталау.

Мұғалім сөзі:- Балалар, «қайталау – білім анасы» дегендей, өткен тақырыптарды сұрақ-жауап, кесте толтыру арқылы пысықтап өтейік.

(1-флипчарт)



Сұрақтар:

- 1) Халық ауыз әдебиетінің түрлері қандай?
- 2) Ертегілердің жанрлары?
- 3) Ертегі дегеніміз не?
- 4) Ертегілердің қандай түрлері бар?

Тапсырма: **(2-флипчарт).**

«Алтын сақа» ертегісі бойынша кестені толтырыңдар.

Ертегінің түрі	Кейіпкерлер		Ертегі қалай басталады	Ертегі қалай аяқталады
	жағымды	жағымсыз		

II. Жаңа сабақ (тақырыбы, мақсаты).

1. Ә.Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы кіріспе сөз **(3-флипчарт, дәптерге күнін, тақырыбын жазу).**

- Қазақ халқының белгілі ақыны Ә.Тәжібаев бала кезінде анасы мен нағашы атасының қолында тәрбиеленіп, сол кезден-ақ аңыз-ертегілер мен батырлар жырын қызыға тыңдап, есінде сақтап, кейінірек ақын «Толағай» деген ертегіні жазды.

2. Сөздермен, өмірбаянымен кесте арқылы танысамыз.

Сөздер (4-флипчарт):

әдебиет зерттеушісі – исследователь литературы;

ел ауызында – в устах народа;

мерген – стрелок;

алып – великан;

атқан оғы тасты уатты – пуля пробил камень;

жаман ырым – плохая примета;

жауын тілеп жалбарынды – умолял, просил дождь;

ұзақ күндер ойлады – долго думал;

қарлы, шыңды тау жерінде – высоко в горах;

күйзелді (қиналды) – переживали.

3. Өмірбаянын оқып, аудару, бір-біріне сұрақ кою (5-флипчарт).

Әбділда Тәжібаев (1909-1998)	
<i>Әбділда Тәжібаев – қазақ халқының белгілі ақыны, әдебиет зерттеушісі, драматург.</i>	
<ul style="list-style-type: none"> - Ә.Тәжібаев 1909 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. - Әкесі ерте қайтыс болған. - Ол анасы мен нағашы атасының тәрбиесінде болған. - Алғашқы ұстазы – анасы Айманкүл сауатты, ақын кісі болған. 	<ul style="list-style-type: none"> - Ә.Тәжібаев Республикалық газет-журналдарда, Жазушылар Одағында түрлі басшылық қызмет істеген. - Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. - Шығармалары: «Сырдария», «Толағай», «Гүлден, дала», «Атамекен», т.б.
Ол А.С.Пушкиннің, Т.Г.Шевченконың, А.Н.Островскийдің шығармаларын қазақ тіліне аударған.	

4. Ә.Тәжібаев пен А.С.Пушкиннің шығармашылығын салыстыру.

- Дұрыс, Ә.Тәжібаев өз ертегісін былай бастайды ...

(ертегінің басын оқып беру, **6-флипчарт**).

5. «Толағай» ертегісінің ішкі мазмұнына, оқиғасына көңіл аударайық.

- Балалар, ертегіні оқу сендерге үйге алдын ала берілген, енді сол оқығанымызды еске түсірейік (орысша мазмұндап беріңдер).

«Толағай» ертегісіне байланысты суреттерді қолданамын.

Сұрақтар (7-флипчарт):

А) - Балалар, мына суретке қарағанда қандай оқиға естеріңе түседі? (Толағайдың дүниеге келуін тауып, оқып беріңдер.

Ә) - Келесі суреттерге қарайық. Бұнда қандай оқиға суреттелген? (Толағайдың садақ тартуы, **8-флипчарт**); жолбарыспен шайқасы, **9-флипчарт**).

- Оқып, қарасөзбен айтып беріңдер.

Б) – Мына суретке көңіл аударайық. (Анасынан бала ақыл сұрайды, **10-флипчарт**):

- Еліне не болды?

- Неліктен анасынан ақыл сұрайды?

Мұғалім сөзі: - Балалар, сонау ерте заманнан қазақ халқы ананы ерекше бағалаған, ананың сөзінен көп тәлім алған, енді сендермен мына бір қойылымға назар аударайық.

Көрініс:

Толағай:

- Ел басына ауыр күн туды.

Маған еліме көмек беру керек.

Қайтсем жауын жаудырамын.

Ел сусынын қандырамын.

Адал ақыл айтар - кімдер?

Анасы: - Балам, Толағайжан, мына жерде жалғыз өзің не істеп жүрсің? Тыныштық па?

Толағай: - Уа, анашым! Жаным күйзелді.

Мынау бір тамшы жаумай, елім күйзелуде. Не істесем болады?

Анасы: - Е, балам! Бұған сен не істей аласың?

Бұл – Алла әмірі.

Толағай: - Білсең, апа, айтшы!

Көп жауады қайда жауын?

Анасы: - Толағайжан, менің білуімше,

Қарлы, шынды тау жерінде,

Тарбағатай өңірінде

Тауда тандыр

Үзілмейді жылда жаңбыр.

Толағай: - Иә, анашым!

Мен онда сонда барамын.

Сол жаңбырды еліме алып келемін.

В) – Толағай халқына қандай ерлік жасады?
(11-флипчарт).

III. Жаңа сабақты бекіту. Қалыптасу қарсаңындағы ілгері игерім деңгейлік тапсырмаларын орындау.

(«Көңіл толқыны» күйімен көркемделеді).

- Алдарыңда жатқан тапсырмалардан бір тапсырманы таңдап алыңдар. А1 және А2 – бір тапсырма, В1 және В2 – екінші тапсырма, С1 және С2 – үшінші тапсырма.

1. (12-флипчарт):

1) Ертегі бойынша сурет салыңдар.


2) Ә.Тәжібаев кім, қай жылы, қайда туды?

2. «Толағай» қандай шығармаға жатады?

Әдеби ертегінің халық ертегісінен қандай айырмашылығы және ұқсастығы бар?

әдеби ертегі

халық ертегісі



3. (13-флипчарт):

«Жаңбыр жауса – жер ырысы,

Батыр тұса – ел ырысы» дейді қазақ халқы. Бұл мақал осы ертегінің мазмұнын аша ма? Тағы батыр, жер, ел туралы мақалдар айтып беріңдер.

4. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың аты	Авторы	Тақырыбы	Идеясы	Көркемдегіш тәсілдер

5. (14-флипчарт).

Шығарманың композициялық құрылысы бойынша талдаңдар.

Композициялық элементтер	Мазмұндық жоспары
1. Басталуы. 2. Дамуы. 3. Шарықтау шегі. 4. Шешімі.	

6. Ертегіні қарасөзбен қысқаша мазмұндап беріңдер.

IV. Қорытынды жасау (15-флипчарт).

Толағай бойындағы қасиеттерді топтастырыңдар.



Мұғалім сөзі: - Біздің мемлекеттің тәуелсіздігіне неше жыл болады?

- Балалар, бүгінгі заманымыздың «Толағайы» – сендерсіңдер. Сендердің ойларыңша, бүгінгі күн азаматы қандай болуға тиісті? (16-флипчарт).



Үй тапсырмасы деңгейлеп беріледі (17-флипчарт):

1. Ертегінің мазмұнын айту.
2. С₁ және С₂ тапсырмаларын орындағандар Толағайға хат жазып келеді.
3. Ертегіні сендер қалай аяқтар едіңдер?

АҚТӨБЕ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

Мақсаты: Ақтөбе қаласының тарихы туралы білімдерін толықтыру, оқушылардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту, шығармашылыққа баулу.

Цели урока: расширить знакомство с историей города, развивая знание государственного языка, совершенствовать навыки сбора и применения информации, развивать речь учащихся, свободное владение казахским языком, воспитывать любовь к родному городу, межнациональное согласие.

Көрнекілік: интерактивтік тақта, компьютер, суреттер, кітаптар, карта, сөзжұмбақ. **Оборудование:** административная карта Казахстана, выставка книг, фильм «Мой город на белом холме», презентация фотовыставка, таблички с датами и терминами, маркеры, кроссворды.

Сабақ барысы:

Ход урока:

Ата қоныс – алтын мекен.

Организационный момент.

Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу, түгелдеу.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: - Бүгінгі біздің сабағымыз – интеграциялық сабақ. «Интеграция» деген сөз нені білдіреді екенін кім айтып береді? Дұрыс «интеграция»(бірігу), кіріктіру, біріктіру деген ұғымды білдіреді. Бүгінгі сабақты екі мұғалім өткізеді және сабағымыз көрініс ретінде өтеді.

Көрініс көрсететін оқушылар:

Марк - Германиядан келген қонақ.

Әнуар - Омскіден келген оралман.

Азамат - Ахмет Жұбанов.

Әлібек - Құдайберген Жұбанов.

Әлкен - Нұрпейіс Байғанин.

9 «Б» сынып оқушылары.

Учитель истории: - Наш урок необычен, это интегрированный урок. А знаете ли вы, ребята, что означает слово «интеграция»? Верно, это слово означает слияние частей в целое или сотрудничество. Сотрудничество может быть в экономике, науке, культуре. Сегодня мы углубим свои познания в казахском языке через изучение истории родного города, мы дополним то, что узнали в 8 классе рассказом о его настоящем и будущем. Урок будут вести сразу два учителя и мы предлагаем вам совершить инсценированную экскурсию во времени и пространстве.

Учитель истории: - Итак, наши герои: коренной горожанин Владимир, оралман Ануар, гость из дальнего зарубежья Марк, герои эпохи XX века, ученики средней школы- гимназии № 17.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: - Сонымен, біздің кейіпкерлеріміз: жергілікті тұрғын – Владимир, оралман Ануар, шет елден келген қонақ – Марк, №17 мектеп-гимназиясының оқушылары.

Ақтөбе қаласының теміржол вокзалында Германия мен Ресей тұрғындары Марк пен Ануар кездеседі.

Ануар: - Извините, пожалуйста. Я хочу переехать в город Актобе из Омска, но я ничего не знаю об этом городе, плохо владею казахским языком. Вы не смогли бы мне помочь.

Марк: - Я раньше жил в этом городе. Потом переехал в Германию, но здесь живут мои друзья, одноклассники. Может мы сходим в мою бывшую школу, встретимся с моими одноклассниками. Они вам подробно расскажут о городе Актобе и помогут выучить казахский язык.

Встреча в школе - оралман Ануар (объяснение), гость из дальнего зарубежья Марк.

Оралман обращаясь к учащимся: - Я совсем ничего не знаю о городе, он молодой или старинный?

А еще мне хочется научиться родному языку, ведь я жил в России и знаю лишь бытовую речь.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: - Ақтөбе қаласының тарихымен 9 «Б» класс оқушысы Вова таныстырады:

- Мен сіздермен қазақ тілінде сөйлесемін және Ақтөбе қаласының тарихын қазақ тілінде айтып беремін, өйткені қазақ тілін мен бірінші сыныптан бастап оқимын.

1-3 слайд (Ақтөбе қаласының бекінісі, түйе үстіндегі кісі, синематограф, қаланың бірінші басшысы Мощенский).

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: - Бүгінгі Ақтөбе туралы Даша мен Аня айтып береді.

4-10 слайдтар (темір жол вокзалы, «Октябрь» к/т, Әбілқайыр хан даңғылы, АЗФ, АЗХС зауыттары, пединститут, медакадемия.)

Гость из зарубежья Марк: - А кто из великих личностей жил в нашем городе, кому поставлены памятники в последнее время?

Марина белгілі ақтөбеліктер туралы айтып береді. (Ахмет және Құдайберген Жұбановтар, Нұрпейіс Байғанин, Әлия Молдағұлова).

11-15 слайдтар. Ескерткіштер.

Учитель истории: - Представьте ребята, что мы с вами попали в 30-е годы прошлого века, годы становления Советского Казахстана и встретились с героями той эпохи.

Сценка - за столом братья Жубановы – рассказ о своем времени и себе, народный акын Нурпеис Байганин – обращение к потомкам на казахском языке (национальный костюм, звучит мелодия песни акына).

Стихи «Мой Актөбе». Читает ученица Луиза.

Темирлан: - Ребята, а давайте помечтаем о будущем. Что ждет наш город через 10-20 лет?

- Я знаю, что сейчас в Актөбе проживают 407 тысяч жителей, а в планах через 20 лет наш город должен стать городом-миллионером. Он будет красивым, зеленым и чистым городом. В нем будут построены новые предприятия, вузы, центры культуры. Будет построен новый стадион на 20 тысяч зрителей, бассейн с 50-метровой дорожкой для заплыва, теннисный центр.

Через область пройдет крупная транспортная магистраль Западная Европа – Западный Китай. А это значит, что появятся новые рабочие места, новые предприятия сферы услуг. Марк, может и ты будешь по этой дороге работать с нами, тогда тебе точно нельзя забывать казахский язык.

Ануар: - Ребята, спасибо, я действительно много узнал о городе и его замечательных людях, мне хочется быстрее научиться родному языку, владеть им так же хорошо, как вы. Вы возьмете меня в свой класс?

Владимир: – Наш одноклассник Витя подготовил интересный кроссворд об истории нашего города. Давайте проверим, что мы узнали о городе и его героях.

III. Закрепление. Работа над кроссвордом (на интерактивной доске или на ватмане маркером).

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: - Сабағымызды сөзжұмбақ шешіп бекітеміз. Осымен сабағымыз аяқталды. Барлығыңыз сабаққа белсенді қатыстыңыздар. Рахмет!

Бағалау.

Учитель истории - Рефлексия:

- если вы узнали что-то новое для себя - сделайте 1 хлопок;

- если вам понравилась наша экскурсия во времени и пространстве - сделайте 2 хлопка;

- если вам захотелось продолжить собирать и изучать историю своей малой родины - сделайте 3 хлопка.

В заключение звучит песня «Мой город на белом холме», ученики вручают подарки (кроссворды) гостям.

Әлия СЫЗДЫҚОВА,
Әлия БАЙСҰНОВА,
Қызылорда облысының
Шиелі ауданындағы
Г.Н.Ковтунов атындағы
№252 орта мектептің мұғалімдері.

ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҰЛЫ РУХЫ

1-жүргізуші:

- Жүрегімнен күмбірлеген күй ақты,
Арнасынан аққан өзен сияқты.
Арынды күй махаббатты шертеді,
Туған жерге, Отаныма шуақты.

Тәуелсіздіктің 22 жылдығына байланысты
«Желтоқсан – тәуелсіздіктің ұлы рухы» атты сайыс
кешімізді ашық деп жариялаймыз.

2-жүргізуші: - Құрметті ұстаздар, оқушылар.
Сіздерді еліміздің ең атаулы мерекесі – 16-желтоқсан –
Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз! Дендеріңізге саулық,
отбастарыңызға амандық тілейміз!

Қанша жыл, қанша ғасыр өтсе де ұмытылмайтын
оқиғалар болады. Ұмытылмайтыны – оның тағдырымен
байланыстығында, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі –
ауыл-үйдің әңгімесі емес, дүмпуі алып құрлықты аралап
кеткен тарихи оқиғалардың бірі.

1-жүргізуші: - 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі –
XX ғасырдағы айтулы оқиға. Ол халық жүрегінде мәңгі
сақталады.

«Желтоқсан желі» атты бейнемонтаж көрсетіледі.

2-жүргізуші:

- Бұрқатып өткен бұл халық мұңы,
Бір дәуір сынды жыл болды ұлы.
Желтоқсан таңы жадырап қайта
Ғасырдың бүгін нұрланды күні.

2-жүргізуші:

- Желтоқсан таңы, дірілдеп ызғар
Жүректе – жылы үміт пен ізгі ар.
Ақ құстай бейбіт орманы самғап,
Алаңға шықты жігіттер, қыздар.

1-жүргізуші: - 8 «А» сынып оқушысы Төлегенов
Нұрболдың орындауында – «Қазақ қызы» әні.

1-жүргізуші: - Бүгінгі сайыс – білім, өнер,
шығармашылық ізденіс:

1. Таныстыру;
2. «Кім тапқыр?»;
3. «Желтоқсан желі»;
4. «Мың бір мақал»;
5. «Жеті жұмбақ»;
6. «Мен – егеменді елдің болашағымын».

2-жүргізуші:

- Шалқытып мерекені қарсы алайық,
Өнерпаз өрендерге тамсанайық.
Әділдік пен шындықты арқа тұтқан
Әділқазы алқасымен танысайық.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

1-жүргізуші: - Әділқазылар алқасымен танысып болсақ, сайысымызды бастайық. «Әдепті елдің баласы алыстан сәлем береді».

1-кезең – таныстыру кезеңі. Әр топ жетекшісі топ атымен таныстырып, ұранын айтады.

2-жүргізуші: - Ертегілер елінде кім болмапты?

2-кезең. «Кім тапқыр?» ойынын бастайық.

(«Алдар көсе» ертегісі көрсетіледі).

Ойынның шарты: Қазір қыс мезгілі болғандықтан, сіздерге Алдар Көсе, «Сикырлы тон» ертегісі экраннан көрсетіледі, осы ертегі бойынша берілген мәтіннен қатені табуларыңыз керек. Әр топқа мәтіні бар парақшалар таратылсын.

1-жүргізуші:

- Әннің де естісі бар, есері бар

Тыңдаушының құлағын кесері бар.

Ақылдының сөзіндей ойлы күйді

Тыңдағанда көңілдің өсері бар,- деп атамыз Абай айтқандай, сахнаға 5 “В” сынып оқушысы Мақсұтова Нұрайды «Сарыжайлау» әнімен шақырамыз.

2-жүргізуші:

- Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзда жанған алауы!

Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

(М.Шаханов).

3-кезең – «Желтоқсан желі» атты көрініс көрсету байқауын бастайық (әр топ желтоқсан оқиғасына байланысты көрінісін көрсетеді).

1-жүргізуші:

- Көңіл күйді жасаған да – желтоқсан,

Жаңа ғұмыр бастаған да – желтоқсан.

Жас өмірін жастардың

Абақтыға тастаған да – желтоқсан.

Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбира өмірлерін

Ерте қиып тастаған да – желтоқсан.

2-жүргізуші: - «Мың бір мақал» ойынымызды ойнайық. Ойынның шарты: қазақ ауыз әдебиетінің бір түрі – мақал-мәтелдердің алғашқы сыңары айтылады, екінші сыңарын ойынға қатысушылар табуы керек.

1-жүргізуші: -

1. Туған жердей жер болмас, ...

2. Отан отбасынан ...

3. Отансыз адам – ...

4. Отан үшін отқа түс ...

5. Ырыс алды – ...

2-жүргізуші: -

6. Өзге елде сұлтан болғанша, ...

7. Ынтымақ түбі – ...

8. Туған жердің қадірін ...

9. Ел-елдің бәрі жақсы, ...

10. Отан – оттан ...

1-жүргізуші:

- Асқар тауым, жазық далам, орманым,

Туған өлкем – жерұйығым, жұмағым,- демекші, 8 «А» сынып оқушысы Әлиева Маржанның орындауында күй тыңдайық.

2-жүргізуші:

- Таразылар талқылап,

Алдында тұр асқар сын.

Ортаға шық, жас ұлан,

«Жеті жұмбақ» сайысы басталсын.

Бұл сайыстың мақсаты: берілген санды таңдап алып, сол санның сұрағына жауап беру:

1. Қазақ тілі пәнінен сұрақ: Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?

2. Жағрафия пәнінен сұрақ: Қазақстанның қандай көне қалалары бар?

3. Қазақ әдебиеті пәнінен сұрақ: Абай Құнанбайұлының қандай өлеңдерін білесіңдер?

4. Тарих пәнінен сұрақ: Қазақстан Республикасының 10 жылдығы қашан тойланды?

5. Жағрафия пәнінен сұрақ: Біздің еліміз қандай материкте орналасқан?

6. Қазақ тілі пәнінен сұрақ: «Рәміздер» сөзі қалай аударылады?

7. Тарих пәнінен сұрақ: Н.Ә.Назарбаев Елбасы болып қашан сайланды?

1-жүргізуші:

- Тәуелсіздік – достығымыз,

Ынтымағы жарасқан.

Тәуелсіздік – ел бірлігі,

Асқақ арман таласқан.

Тәуелсіздік – өткеліміз,

Арайланып таңы атқан,- деп, 5 «Б» сынып бишілерін ортаға шақырамыз, қол соғып, құрметтейік, ағайын.

2-жүргізуші:

- Бірлік түбі – береке,

Береке түбі – мереке.

6-кезең – «Мен – егеменді елдің болашағымын» атты сайысымызды бастайық. Сайысымыздың тақырыбына сай әр топ қабырға газеті немесе қолдан жасаған бұйымдарын әділ қазылар алқасына көрсетуі керек.

2-жүргізуші:

- Келе жатқан үзілмей бабасынан,

Қазақ үшін қымбат жоқ баласынан!

Әлі талай шығады нағыз Шара

Балғын биші қыздардың арасынан,- деп сахнаға 5 «В» сынып бишісін шақырамыз.

1-жүргізуші: - Сіздер оқушыларымыздың батылдығы мен тапқырлығына, өнерлеріне куә болдыңыздар.

Сайысымыздың қорытындысын айту үшін сөз кезегі әділ қазылар алқасына беріледі.

Мұғалім сөзі: - Құрметті жиналған қауым, сіздерді тағы да тәуелсіздігіміздің торқалы тойымен құттықтай отырып, мемлекетімізге жарқын болашақ, барлығыңызға саулық тілейміз.

«Айымыз оңымыздан тусын!» деген ниетпен бүгінгі «Желтоқсан – тәуелсіздігіміздің ұлы рухы» атты сайысымызды аяқтаймыз.

Дана ОРАЗАЛИНОВА,
Астана қаласындағы
№ 63 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕКПІН

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға екпін және оның түрлері туралы білім беру, жаттығу жұмыстары арқылы тереңдету. **Міндеттері: білімділік** – екпіннің буынмен тығыз байланысты екенін ұғындыру, олардың үйлесуі, байланыстығының маңызын түсіндіру; **дамытушылық** – шығармашылық жұмыс істеуге ұмтылдыру, анық та нақты мақсат қоюға мүмкіндік беру, мағынаны ажырата білу қабілеттілігін арттыру; **тәрбиелік** – бір-бірінің пікірін құрметтей алатын, өз ойын тұжырымды жеткізе алатын, тілін құрметтейтін, ортаны сүйетін, шығармашылық қабілеті жоғары дамыған Қазақстан азаматтарын тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, түсіндірмелі. **Түрі:** кіріктірілген сабақ. **Көрнекілігі:** кесте, сызбалар, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу.

Оқушыларды түгелдеу.

Үй тапсырмасын сұрау.

а) Орфография мен орфоэпия дегеніміз не?

ә) Мысал келтіріңдер.

Фонетикалық талдау жұмысы:

I топ	II топ	III топ
Кітап	көйлек	әдебиет
Табиғат	мұғалім	Жамбыл

Жаңа сабақ:

- Дәптерлеріне бүгінгі күнді, айды жазғызу.
- Сабақ тақырыбын жариялау.
- Жаңа сабақты түсіндіру.

Сөйлеп тұрғанда, бір сөз басқа сөздерге, бір буын басқа буындарға қарағанда күшті, көтеріңкі айтылуын екпін дейміз. Мысалы: Оқу, оқушы, оқушылар.



Сөз екпіні. Екі не одан да көп буынды бір сөздің ішіндегі бір буынның көтеріңкі айтылуы сөз екпіні деп аталады. Қазақ тіліндегі сөз екпінінің орыны тиянақты болады, екпін сөздің соңғы буынына түседі. Мысалы: Үздік оқушыларға бағалы сыйлықтар берілді.

Ой екпіні. Сөйлем ішіндегі ерекше аударылуға тиісті болған бір сөзді бөліп айту ой екпіні деп аталады. Мысалы: Атасы бүгін ауылға келді. Атасы ауылға бүгін келді. Ауылға бүгін атасы келді.

Тіркес екпіні. Тілімізде бірнеше сөз тізбектеліп барып түгелімен бір ғана екпінге ие болады. Екпіннің мұндай түрі тіркес екпіні деп аталады. Мысалы: тәлім-тәрбие, ата-ана, оқу үшін, қырық шақты, ән сал, қыпша бел.

Дыбыс екпіні. Бір сөздің ішіндегі бір дыбысты көтеріп не созып айту тәсілі дыбыс екпіні деп аталады. Мысалы: тамаша, бәрекелді, жарайсың, тамаша.



II. Орыс тілі пәнімен байланыстырамыз.

Ударение-выделение (слога, слова) слова голоса или повышением тона. В русском языке ударение подвижное.


Лес-леса, день-дни, вода-воды, дерево-деревья, доска-доски, лист-листья, кольцо-кольца, окно-окна, стол-столы, вес-весы, дом-дома.

III. Ағылшын тілі пәнімен байланыстырамыз.

The manner in which stresses are distributed on the syllables of a word-called also word accent.

book, pencil, table, holiday, monday, skyskabe, rabbit.

IV. Жинақтау стратегиясы бойынша оқушылардың ойын жинақтау.



V. Оқулықпен жұмыс. 339-жаттығу. Шеңбердегі сөздерде екпін қай буынға түскен? Екпін түспей тұрған қосымшаларды бір бөлек, екпін түсетін сөздерді бір бөлек жазыңдар.

Тастай, адамбыз, оқушымын, айтайын, айтпа, оқтай, көрейік, баласың, барма, айтшы, сызба, сөйледі, жидек, қалам, кітап, дәптер, қызғалдақ, мөлдір, шалғай, шіркін, жазды, арасында.

VI. «Тіл-өнер» ойыны. Үш тілді білеміз бе? Оқушылар кез келген сөзді ағылшын, орыс тілдерінде жазады, екпін түрлерін ажыратады.

Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі

VII. Ойын. Білімді байқап көр. Конверт арқылы әр топ конверттерді тандап алады (Әр топ конверт ішіндегі тапсырмаларды орындайды.).

VIII. Сабақты бекіту. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінен екпін түспейтін сөздерді табу.

IX. Үй тапсырмасы: 342-жаттығу. Ережелерді жаттау.

X. Бағалау: Жауап беру деңгейлеріне байланысты бағалау.

Әсел ИБРАЕВА,
Қостанай қаласындағы
№7 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

«Қ» ДЫБЫСЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

(1-сынып)

Сабақтың мақсаты: қазақ тіліне тән Қ дыбысымен таныстыру. **Міндеттері:** білімділік – айтылу, жазылу жолдарын үйрету; тәрбиелік – оқу құралдарын күтіп ұстап, таза жүру керектігін айтып, тәрбиелік мәні бар әңгіме жүргізу; дамытушылық – тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту.

Оқушы нені білуі тиіс: тақырып бойынша өткен сөздерді, тән дыбыстар бар сөздерді, диалог құрастыруды, сөз тіркесін, сөйлем құрауды білу.

Оқушы нені игеруі қажет: жаңа дыбысты, жаңа әріптің жазылуын игеру, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруді игеру.

Типі: дәстүрлі сабақ. **Түрі:** аралас сабағы. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, бейнелеу өнері. **Әдістері:** сұрақ-жауап, әңгіме, көрнекілік, ой шақыру. **Көрнекіліктер, техникалық құралдары:** интерактивті тақта, презентация, Ққ әріпі жазылған көрнекілік, тақырыпқа байланысты суреттер, кеспелер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен сәлемдесу;

Сұхбат өткізу:

- Балалар, қазір қандай сабақ? (қазақ тілі сабағы).
- Біз қай тілді меңгереміз? (қазақ тілін).
- Алфавит дегеніміз не? (установленный порядок букв, ряд букв).
- Орыс тілінде неше әріп бар? (33).
- Қазақ тілінде неше әріп бар? (42).
- Қазақ тілінде қандай дыбыстар бар? (қазақ тілінің төл 9 дыбысы).

- Жақсы, балалар, бүгін сабақта біз жаңа дыбыспен танысамыз. Оны дәптерге жазуды, дұрыс айтуды меңгереміз. Сөздік қорын молайту мақсатында тақырыпқа байланысты жаңа сөздермен танысамыз. Оларды есте сақтауға тырысамыз. Сабақ барысында жақсы жұмыс істеген балаларға әріптерді үлестіремін, кімде көп болса, алғыр атанады.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Жаңа тақырыпқа көшпес бұрын өткен тақырыптарды еске түсірейік.

Дыбыстарды еске түсіру:

Ә – жіңішке, дауысты дыбыс (әке).

Ү – жіңішке, дауысты дыбыс (үкі).

Ұ – жуан, дауысты дыбыс (ұя).

І – жіңішке, дауысты дыбыс (іні).

Ы – жуан, дауысты дыбыс (ыдыс).

Ғ – ұяң, дауыссыз дыбыс (сағат).

«Кім көп біледі?» ойыны. Екі топқа бөлініп, төл дыбыстары бар сөздерді айту. Кім көп сөзді білетінін анықтаймыз.

- Жарайсыңдар, балалар, өткен тақырыпты жақсы игеріпсіңдер. Енді сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Орынымыздан тұрамыз,

Қолды белге қоямыз.

Басты оңға бұрамыз.

Басты солға бұрамыз.

Бір отырып, бір тұрып,

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып аламыз.

III. Жаңа тақырыпты игеру:

1. Сөздік қорын байыту мақсатында біз жаңа сөздермен танысып аламыз:

Тақта – доска;

Оқушы – ученик.

Мұғалім сөздерді оқып шығады, оқушылар тыңдайды.

Мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды.

Тізбектеп оқып шығады.

Сөз тіркесін құрастырады (үлкен тақта, Самат оқушы).

2. Тапсырмалармен жұмыс.

1-тапсырма:

1. Жаңа дыбыс пен оның әріпімен танысу.

2. Көрнекілік бойынша Ққ әріпінің баспа және жазба түрімен таныстыру.

Сурет бойынша сөздерді оқу.

Оқу, аудару.

Тізбектеп оқу.

Сөз тіркесін құрастыру (Қанат оқушы, сұр қоян, ақ қар, Кира – қыз бала, екі қуыршақ, қаз бар).

Ережені есте сақта.

Ққ – твердый согласный звук (қатаң, дауыссыз дыбыс). Ққ употребляется в словах с твердыми гласными.

Например: *Қанат, қар, қызық, ақ.*

Ққ қандай дыбыс?

Қандай сөздерде кездеседі?

2-тапсырма: Тыңда, қайтала. Төмендегі сөздерді қайталай отырып, Ққ дыбысын дұрыс айтқызып үйрету. *Қанат, қоян, қаз, Қарлығаш, қар, қалам, қуыршақ, тақта, оқушы, қыз.*

1. Сөздерді мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды.

2. Оқушылар сөзді тізбектеп айтып шығады.

3. Мұғалім Ққ дыбысын айтып жаттықтырады.

«**Жылан сөздер**» ойыны. Балаларды екі топқа бөлеміз. Әр оқушы Ққ дыбысы бар сөздерді айтады. Сөздерді тізбек бойынша айтамыз. Қандай топ есіне көп сөз сақтады екен?

3-тапсырма: Сөйлеп үйрен.

1. Сөздікпен жұмыс.

Оқы – читай;

Жаз – пиши.

2. Оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында «пирамиданы» құрастырамыз. Ауызша жұмыс.

Оқы.

Жаз.

Кітап оқы.

Дәптерге жаз.

Қанат, кітап оқы.

Сара, дәптерге жаз.

3. Практикалық жұмыс.

Қалам.

Қара қалам.

Қара қалам жазады.

4. Оқушыларды үлгі бойынша сөйлем құрастыруға үйрету.

4-тапсырма. Жаңылтпашты тыңда, тез айтып үйрен. Сайыс өткізу. Жаңылтпашты кім тез және дұрыс айта алады?

5-тапсырма. Ққ әріпінен басталатын сөздерді

біліп ал.

1. Сурет бойынша жұмыс.
2. Әр сөзді мұғалім өзі айтып, оқушыларға қайталады.
3. «Сөздерді тап» ойыны. Мұғалім оқушыларға әріптері бар кестені көрсетеді, оқушылар Ққ дыбысы бар сөздерді тауып айтады. Қай оқушы көп сөзді тауып алады, алғыр атанады.

Қ	З	У	Ы	Т	А
У	Ы	А	Қ	А	Р
Ы	Қ	О	Я	Н	М
р	А	З	А	Қ	А
Ш	Р	Ы	Қ	Ы	Қ
А	Б	А	р	Ы	Қ
Қ	Ы	З	Л	Ы	Қ

6-тапсырма: Тыңда, қайтала.

Менде және сенде түсініктерін бекітіп, *жоқ және бар* сөздерін қайталау.

Практикалық жұмыспен тапсырманы жалғастыру. Оқу құралдарын күтіп ұстау керектігін түсіндіру.

IV. Жазу үлгісі:

1. Ққ әріпінің жазылуын үйрету.
2. Оқушылар Ққ әріпін дәптерлерге жазып үйренеді.

V. Сабақ бекіту.

Ққ дыбысы қандай дыбыс?

Ққ әріпі бар қандай сөздерді естеріңе сақтадыңдар?

VI. Сабақты қорытындылау:

Сабақта не туралы сөйлестік? Нені білдіңдер? Көңіл-күйлерің қандай? Кеспелерді санау, білгірді анықтау.

VIII. Үйге тапсырма беру:

Жаңа сөздерді жаттау.

Ережені білу.

Мөлдір ТАПАҚОВА,
Орал қаласындағы
№13 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«К», «Қ» ДЫБЫСТАРЫ

(түзету сыныптары)

Сабақтың мақсаты: «К», «қ» дыбыстарын дұрыс айта, жаза білуге үйрету, тіл тазалығына көңіл бөлу, қазақ тілінің фонетикасы туралы білімдерін жетілдіру, «к», «қ» дыбыстарын ажырата білуге үйрету, балалардың есту қабілетін дамыту, «к», «қ» дыбыстарының сөз ішіндегі орынын анықтау, оқушылардың ақыл- ойын, зердесін, тапқырлығын, ауызша сөйлеу әрекетін дамыту, дыбыстық, сөздік талдаулар жасау.

Әдісі: сұрақ- жауап, түсіндіру, топтастыру, ойын әдісі.

Көрнекілік: белсенді тақта, слайдты суреттер.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: амандасу, түгелдеу, психологиялық дайындық, балаларды сабаққа жұмылдыру.

Дыбыстарды қайталау. Оқушылар берілген сұрақтар бойынша дыбыстарды еске түсіреді:



- Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар?
- Дауысты дыбыстар неше түрге бөлінеді?
- Ал дауыссыз дыбыстар ше?



Жаңа сабақ. Бүгін біз дыбыстар тақырыбын әрі қарай жалғастырамыз. «К», «қ» дыбыстарымен танысамыз. Белсенді тақтадан «к», «қ» дыбыстарын көрсетіп, емлесі туралы айтып кету. Бүгінгі сабағымызға қарға, сауысқан, шағала, торғай, қаз қонаққа келіпті (слайдтан суреттерін көрсету).

Қарға қалай әндетеді? - қарқ-қарқ.
шағала шаңқ-шаңқ
сауысқан саңқ-санқ
торғай шиқ-шиқ
қаз қаңқ-қаңқ

Буындар құрау:



Мұғалім

Қа
Қо
Құ
Қы
ақ

Оқушы

кә
кө
кү
кі
әк

Жазба жұмыстары:

1-тапсырма. «Қай дыбысты жоғалттым?». Белсенді тақтадан «к», «қ» дыбыстарын дұрыс тауып, сауатты жазу.

2-тапсырма. «Жалғасын тауып жаз».

атылады... (оқ).
Сабақты... (ұқ).
Ағашты... (ек).
Бидайды... (үк).
Сиырды айдаймыз... (өк).
Қағаз... (ақ).

3-тапсырма. «Сөз ойла, тез ойла».

«К» дыбысынан келетін киімдер: көйлек, кимешек.
«Қ» дыбысынан келетін мамандық: құрылысшы, қойшы.
«К» дыбысынан келетін тамақтар: көже, кеспе.
«Қ» дыбысынан келетін ойыншықтар: қуыршақ, қонжық.

Сергіту. « Мен бастайын, сен қоста» ойыны.

Тау (ық). Бал (ық). Ине (лік). Су (ық). Шы (бық).
Көй (лек). Үй (рек).

Сабақты бекіту: Жұмбақ айтып, шешімін тапқызу.

«К» -ден басталып, «к»- ден аяқталатын құс (көкек).
«Қ» -дан басталса – дене мүшесі, «б»- дан басталса таудағы мөлдір су (құлақ- бұлақ).
«К»- дан басталса – ыдыс түрі, «Қ»- ны алып тастасақ – ойынның бір түрі (қасық- асық).

Үйге тапсырма: «К», «Қ» әріптері кездесетін мақал-мәтелдерді жазып, жаттап келу.

Айгүл ХАСЕНОВА,
Павлодар облысының
Ақсу қаласындағы
№7 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА СӨЗДЕРІ

Сабақтың мақсаты: 1) оқушылардың Отан, ел туралы түсініктерін молайту, сұрақтарға тиянақты, нақты жауап беруге, ойын ауызша айта білуге үйрету; 2) мәтінді мазмұндауға дағдыландыру, жаңа сөздер арқылы сөздік қорларын молайту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; 3) әр оқушыны өз Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кестелер, суреттер. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, жұптық жұмыс. **Түрі:** аралас сабақ. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу өнері, музыка.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу, сабаққа дайындықтарын тексеру. (Сынып 3 топқа бөлінген. Әр топтың топ басшысы сабақ соңында оқушыларды бағалайды).

II. Психологиялық тренинг. (Сабақтың басындағы көңіл-күйлерін белгілеу. Соңында қандай болатынын салыстыру).

III. Үй жұмысын тексеру (туған жер, Отан туралы сурет салу). Балалар өз суреттерін қорғайды.

Оқушыларға сұрақ: - Балалар, неге сендерге осындай тапсырма берілді?

Оқушылар тақырыпқа өздері шығады. Мақсатын да өздері айтуға тырысады.

Мұғалім тақырыбы мен мақсатын тағы да өзі қайталап, айтып өтеді.

IV. Жаңа сабақ.

1. Мәтінмен жұмыс.

Менің Қазақстаным

Қазақстан – тәуелсіз, егеменді, көп диаспоралы мемлекет. Астанасы – Астана қаласы. Қазақстанның тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін алды. Мемлекеттік туы, елтаңбасы, әнұраны, валютасы, Ата заңы бар. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Біздің Отанымыздың жері үлкен және бай, табиғаты өте сұлу. Қазақ жері Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстанмен шектеседі. Біздің Республикамыз күннен-күнге өсіп - өніп, гүлденуде.

Сөздік жұмыс:

Көп диаспоралы – многодиаспорный;

Тәуелсіз – независимый;

Шектеседі – граничит;

Өсіп-өну – развиваться;

Күннен-күнге – изо дня в день;

Егеменді – суверенный.


Тапсырмалар:

1. Мәтін бойынша сұрақтар қою.

2. Мәтін бойынша диалог құрастыру.

3. Мәтінді аудару.

2. Сұрақ. Қазақстан қандай мемлекет? Оқушылар тақтаға шығып кластер сызады.



Өркениетті – цивилизованное;

Бейбітсүйгіш – миролюбивое.

Сергіту сәті (күй тыңдалады).

3. Отан, туған жер туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?(оқушылар білген мақалдарын кезек-кезек айтып береді).

Ойын. Мақал-мәтелдерді жалғастыр (Мақалдың басы жазылады, оқушылар аяқтайды).

Егілмеген жер жетім, ...

Туған жердей жер болмас, ...

Аққу көлін аңсайды, ...

Отансыз адам, ...

Өзге елде сұлтан болғанша, ...

Ел – елдің бәрі жақсы, ...

4. Берілген сөздермен сөйлем құрастырып, дәптерлеріне жазу.

Мемлекет, тәуелсіз, көп диаспоралы Қазақстан.

Қазақ, тілі, мемлекеттік, Қазақстанның, тілі.

Үлкен, бай, және, жері, Қазақстанның.

Гүлденуде, күннен-күнге, Қазақстан.

5. Берілген мақалдарды қазақшаға аудару.

Человек без Родины, как соловей без леса.

Родная земля – золотая колыбель.

Родина жарче огня.

И лук на Родине сладок.

6. *Оқулықпен жұмыс.*

Синоним сөздерді оқу, аудару. *Отан* сөзінің синонимдерін табу. Синонимдік сөздікпен жұмыс.

Отан – туған жер, туған ел, атамекен.

Сөздермен сөйлем құрастыру.

Сабақты қорытындылау:

I. Бағалау (топ басшылары бағалайды, соңында мұғалім өзі бағасын береді).

II. Үй тапсырмасын беру. Отан туралы өлең жаттау.

III. Психологиялық тренинг.



Раушан АЛЧАБАЕВА,

Алматы қаласындағы

№78 мектеп-гимназияның

мұғалімі.

СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР

Сабақтың мақсаты: ата-бабаларымыздан қалыптасып келе жатқан салт-дәстүрлерді ұғындыру. **Міндеттері:** қазақ тіліне, дәстүріне деген қызығушылықтарын арттырып, сөйлеу қабілеттерін дамыту; оқушыларды қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарымен таныстырып, дүниетанымын кеңейту, халықтық дәстүрді сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Типі (түрі): жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, жазба жұмысы. **Сабақтың дидактикалық қамтамасыз етілуі:** кестелер, үлестірмелі кәртішкелер, презентация.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) сәлемдесу;

ә) бар-жоқтарын түгелдеу;

б) оқушылардың назарын сабаққа аудару, тазалыққа көңіл бөлу.

II. Өзектілігі.

1. Тіл дамыту сәті.

- Бір жылда қанша мезгіл бар?

- Қазір қай мезгіл?

- Қыста қандай өзгерістер болады?

- Бір аптада қанша күн бар?

- Қазір қандай сабақ?

- Қазақ тілі сабағында не істейсіңдер?

2. Ой қозғау.

Қайталау – білім анасы.



III. Жаңа сабақ.

Сабақтың эпиграфы: «Салт-дәстүрім - қазынам».

Мұғалім: - Қазақ халқының және әр ұлттың өзіндік ерекшелігі, салт-дәстүрі, діні, тілі болатыны белгілі. Біздің тәрбиеміз де ананың ақ сүтінен, ана әлдиінен, атаның қасиетті сөздерінен бастау алады. Сондықтан бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қазақтың салт-дәстүрлері жайында болмақ. Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай халық. Соның бірі – бала тәрбиесіне байланысты салттар.



Мұғалім: - Балалар, бүгінгі сабақта «шілдеhana», «бесікке бөлеу», «қырқынан шығару» рәсімі туралы біраз айтып өтейік.

Оқушы: - «Шілдеhana» - жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын той. Дастархан жайылып, жастар домбыра тартып, ән салып, ұлттық ойындар ойналады. Шілдеhana думанды болса, сәби сергек, қызықты өмір сүреді деген сенім бар.

Оқушы: - «Бесікке бөлеу». Кіндігі түскен баланы бес күннен кейін бесікке бөлейді. Бесік – қасиетті, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Баланы бесікке бөлерден бұрын ауылдың жасы үлкен, беделді әйелі бесік

жабдықтарын орын-орындарына қояды. Баланың ұйқысы тыныш болу үшін және жын шайтанды қуу мақсатымен бесікті адыраспанмен аластатып шығады.

Баланы бесікке бөлерден бұрын тыштырма ырымы жасалады. Бесіктің түбек тесігі арқылы бауырсақ, кәмпит және басқа тәтті дәмдер астына тосылған алақандарға тасталады. «Тышты ма?» дегенде, қасындағы әйелдер «Тышты» деп шу ете түседі. Бала бөленген бесіктің үстін жеті нәрсе: бесік көрпе, шапан, кебенек, тон, жүген және қамшы сияқты бұйымдармен жабады. Осындай қуаныш үстінде бесік жырын айтады.

Мұғалім: - Балалар, сендер бесікке бөлеу рәсімін көрдіңдер. Осыған орай сұрақтарға жауап беріңдер.

Сұрақтар:

1. Бесік дегеніміз не?
2. Бесікке бөлеу жолы кімге тапсырылады?
3. Ол кісі не істейді?
4. Осындай қуаныш үстінде не айтылады?

Мұғалім: - Келесі салт-дәстүріміз – «Қырқынан шығару».

Оқушы: - Ұл баланы қырқынан 37, 39 күнде шығарады. Бұл ұл баланың қызға төлейтін қалың малы аз болсын деген ниетте істеледі. Қыз баланы 40 күннен асырып, 42-44 күнде қырқынан шығарады. Бұл кәдеге жиналған ауыл әйелдері ыдысқа 40 қасық су құйып, теңгелер салған суға баланы шомылдырады. Баланың тырнағын алып, адам баспайтын жерге көміп тастайды. Шашты шүберекке түйіп, тұмарша етіп тігіп, баланың оң иығына қадайды. Жалпы, баланың шашын еш уақытта ашық-шашық жерге тастамайды. Адам аяғы баспайтын жерге көміп отырады.

IV. Білімінді байқап көр.

1) Мына тор көздің ішінде сөздер жасырылған, оларды тауып, аудармасын айтыңдар.

с	т	д	ә	с	т	ү	р	н
а	ы	и	т	ж	е	е	е	ә
қ	р	н	а	қ	й	д	т	р
и	н	а	қ	а	б	ы	с	е
т	о	м	ы	р	а	р	ғ	а
е	г	е	ш	т	қ	т	о	й

сақина – кольцо;

тегеш – тазик;

тырнақ – ногти;

омыртқа – позвоночник;

дәстүр – традиция;

итжейде – первая рубашка;

қабырға – ребро;

нәресте – ребенок;

той – праздник.

2) Дәптермен жұмыс. 126-бет, 3-тапсырма.


Жақша ішіндегі сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңдар.

V. «Мақал – сөздің мәйегі».

«Өз жұбыңды тап» ойыны. Мақал-мәтелдерді дұрыс құрастырыңдар.

Ана сүті бой өсіреді,	Атанның салтын ұмытпа.
Ананың көңілі балада,	Баланың тілі – бал.
Ананың сүті – бал,	Салт бұзған сорлайды.
Ант бұзған оңбайды,	Баланың көңілі далада.
Алты жыл аш болсаң да,	Ана тілі ой өсіреді.

VI. Сөзжұмбақты шешу.



1. Нәресте деген сөздің синонимі.
2. Мына мақалда қандай сөз жетіспейді?
Балалы үй – ,
Баласыз үй – мазар.
3. Сәби дүниеге келгенде қандай той өткізеді?
4. Бала бірінші сыныпқа барарда қандай той жасайды?
5. «Кісі» сөзінің синонимі.
6. «Отбасы» сөзінің синонимі.
7. Нағашылар бесік әкелгенде қандай той жасайды?
8. Бала жүре бастағанда қандай той жасайды?
9. Мына мақалда жетіспейтін сөзді жаз:
Ананың ... – бал,
Баланың тілі – бал.

10. Баланы қырқынан шығарғанда қанша қасық суға шомылдырады?

VII. Екі дәстүрді Венн диаграммасы бойынша салыстыру.

VIII. Сабақты қорыту.

Мұғалім: - «Салт-дәстүрім – қазынам» деп қазақ халқы тегін айтпағанына көзіміз жетті деп ойлаймын. Балалар, бүгін біз сабақта қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты қандай салт-дәстүрлерімен таныстық?

IX. Үйге тапсырма.

Салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу.

X. Бағалау.

XI. Рефлексия.

«Жаса, Қазақстан» әнімен сабақты аяқтаймыз.



Ғалия ТЮЛЮБАЕВА,
Калинов орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғ. Мүсірепов атындағы аудан.

СӨЗДІК ЖҰМЫСЫН БАЙЫТҚАН МУЗЫКА АСПАПТАРЫ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – халық күйшісі, сазгері – Құрманғазыны таныту; музыка аспаптары жайлы мәліметтер беру; мәтінді мәнерлеп оқу, жаңа сөздермен

таныса отырып, мазмұнын ашу; **дамытушылық** – жаңа сөздерден сөз тіркестерін жасау, деңгейлік тапсырмалар беріп, оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру; **тәрбиелік** – оқушылардың музыка өнері туралы білімін тереңдету, өнерді сүйеге тәрбиелеу.

Түрі: кіріктірілген сабақ, музыка пәнімен байланыстыру. **Әдісі:** сөздік жұмысы, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар орындау. **Көрнекілігі:** слайд, кітаптар, қима қағаздар. **Пәнаралық байланыс:** саз өнері (музыка) пәні.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру:

- а) Сәлемдесу;
- ә) Оқушыларды түгелдеу;
- б) Үйге берілген тапсырманы айтқызу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. - Үйге қандай тапсырма берілді?

- Құрманғазы Сағырбайұлы жайлы әңгімелеу және сұрақтарға жауап беру.

- Кім әңгімелеп бергісі келеді? (2-3 бала әңгімелеп береді және сынып бір-біріне сұрақ қоя отырып, жауап береді.)

Құрманғазы Сағырбайұлы (1806-1879) – қазақтың күйші-композиторы, домбырашы, халық музыкасындағы аспаптық музыканың (күйдің) классигі. Алғашқы ұстазы Хан Базар (Орда) күйшісі – Ұзақ. Кейіннен Ұзақпен бірге ел аралап, домбырашылық өнер сайысына түсіп, жұртшылық назарына ілігеді. Бөкей ордасындағы атақты халық күйшілері Байбақты, Байжұма, Баламайсан, Соқыр Есжан, Шеркештің күйлерін үйреніп, орындаушылық шеберлігін шыңдады. Ел ауызындағы аңыздарға

қарағанда Құрманғазының алғашқы шығармаларының бірі – «Кішкентай» күйі XIX ғасырдың 30 жылдарындағы шаруалар көтерілісін бастаған Исатайға арналған «Ақбай», «Ақсақ киік», «Көбік шашқан», «Түрмеден қашқан», «Адай» күйлерінде нұрлы болашақ, азат өмірді аңсаған халықтың үміті, өмір тартысы суреттеледі. Халық арасында есімдері белгілі Дина, Мәмен, Көкбала, Меңетай, Сүгірәлі, Тоғайбай, Шора, тағы басқа ақындар өздерін Құрманғазының шәкірттері санаған. Күйшінің атымен аталатын қазақтың халық аспаптар оркестрінің орындауында Құрманғазы шығармалары бүкіл жер жүзіне тарады.

III. Жаңа сабақтың өтілу барысы.

- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Музыка аспаптары». Сөздік дәптерлеріңді ашып, сөздік жұмысын жасауға дайындалыңдар.

1) Сөздік жұмысы. (Бір мезгілде естиміз, жазамыз, қайталаймыз, көреміз):

Үн – звук, голос;

Көзбе-көз – с глазу на глаз;

Үрмелі аспап – духовой инструмент;

Дабылды-шулы аспап – тревожно-шумный инструмент;

Ішектегі аспап – струнный инструмент;

Сарнамалы аспап – заунывный инструмент;

Ең кең тараған – самый распространенный;

Өзіндік – самобытный;

Өркендеуіне – развитию;

Кәсіби өнер – профессиональное искусство;

Қалыптасу – формирование.

2) Қазақтың ұлттық музыка аспаптарымен

танысамыз (Музыка аспаптарымен мұғалім таныстыра отырып, олардың үндері тыңдалады. Барлық материал слайд түрінде көрсетіледі).

А) Сыбызғы

Үрмелі аспаптар арасында сыбызғы – халық үшін ең сүйікті аспап болып табылады. Ол халықтық музыкалық өнердің ажырамас бөлігіне айналды. Сыбызғы шопандардың отар бағып жүрген кезде жалғыздығын жебейтін аспап ретінде, ал кешкі демалыс мезгілінде музыканттар ол арқылы ескі аңыз-жырларды айтқан. Сыбызғышылар барлық тойлар мен мерекелердің құрметті қонағы болған. Сыбызғының кең таралуы, қолданылуы оның қарапайымдылығымен түсіндіріледі. Сыбызғыны қуыс талдан жасаған, одан үш саңылау ойған. Сыбызғының оңай және тез жасалатынына қарамастан, ойнау жеңіл болмаған. Сыбызғылық күйлер әдетте екідауысты болып келеді. Бір дауыс аспаптан шықса, екінші дыбыс орындаушы-музыканттың тамақты дыбысынан пайда болған.

Осы екі дыбысты қатар орындау техникасын меңгерген адам сыбызғыда ойнай алатын болған. Талдық сыбызғылардан басқа ағаш сыбызғылар да бар.

Ә) Сазсырнай – саздан жасалған үрлемелі аспап. Үні ашық, нәзік болады. Сазсырнай Қазақстан аймағындағы Отырар қаласында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған. Ежелде бұл аспап балалар мен жасөспірімдер арасында кеңінен таралған.

Б) Жетіген – шертіп ойнайтын жеті ішегі бар музыкалық аспап. Тиектің орынына асықтарды пайдаланған. XX ғасырда белгілі фольклор зерттеушісі Болат Сарыбаев жетігенді көнекөз қариялардың сипаттауы

бойынша құрастырып, қайта қалпына келтірді. Ертеде жетіген аспабын жыраулар жиі қолданған – оның әуені аң аулауға шыққанда немесе алыс жорыққа аттанарда сәттілік әкеледі деп сенген.

В) Шаңқобыз – темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне музыкалық аспап. Шаңқобыз басқа атаулармен көптеген халықтарда кездеседі. Оның сирек кездесетін бір түрі – ағаш шаңқобыз, Ол ағашқа бекітілген жіпті тербеу арқылы дыбыс шығарады. Шаңқобыз тілдік аспаптар тобына жатады. Бұл аспап әр түрлі атпен (Варган, темір қомыз, шаңқобыз және басқалары) көптеген халықтарда кездеседі. Ол якуттарда, тувалықтарда, хакастарда, қырғыздарда, түркмендерде, өзбектерде, қарақалпақтарда, дұнғанда, башқұртта, қалмақтарда, украиндықтарда, орыстарда және басқа халықтарда бар. Шаңқобыздың құрылымы қарапайым. Ол кішкентай доға түрінде бастары жіңішкеріп келетін темір аспап, бұл доғаға жұқа темір серіппе бекітіледі. Шаңқобызды ерінге қойып, ойнайды. Дыбыс серіппенің тербелісі арқылы шығады. Ауыз қуысы аспап резонаторын атқарады. Шаңқобызды осы жүзжылдықтың 40 жылдарына дейін Қазақстанда кездестіруге болады.

Г) Қылқобыз – әлемдегі ысқышпен орындалатын ішекті аспаптардың атасы, қос ішекті көне музыкалық аспап. Қобыздың екі ішегіне және ысқышына аттың құйрық жалының қылы тағылады. Қобыз адамның денесін шымырлатып, жүректі тербейтін қоңыр қою дыбыс береді. Қобыз күйлері халықтың мұңы мен қуанышын, ішіндегі сырын айқын суреттейді. Ерте заманда қобызда жыршылар, бақсылар, емші-балгерлер ойнаған. Қылқобыздың қазіргі жаңарған түрі – прима қобыз.

Ғ) Домбыра – қазақ халқының кең тараған аспаптарының бірі. Қазақстанның аймақтарына байланысты күйлер «төкпе» және «шертпе» дәстүріне бөлінеді. Домбыра аспабының пішіні де осы орындаушылық мектептерге байланысты жасалынады. Домбыра күйлері – қазақ халқының ішкі жан дүниесін суреттейтін туынды.

3) Мәтінмен жұмыс. «Ғасырлар сазы» мәтінін оқып, аудару.

Музыка аспаптарының мұражайлары көптеген елдерде бар. Қазақ музыка аспаптары мұражайында «өлі» экспонат жоқ. Мұнда әр музыкалық аспаптың үнін естуге, ойнау тәсілімен көзбе-көз танысуға мүмкіндік жасалған. Музыкалық аспаптардың ойналу сипатына, дыбысына қарай төрт топқа жіктелген. Ішекті аспаптарға домбыра, қобыз, сазген, жетіген, адырна жатқызылса, үрмелі аспаптарға сыбызғы, керней, сазсырнай, уілдек, қамыссырнай, үскірік жатқызылады. Ал дабылды-шулы аспаптар тобына дабыл, тоқылдақ, асатаяқ, қоңырау, дауылпаз және тұяқтас жатады. Сарнамалы аспаптарға ауызсырнай, сырнай жатқызылады.

IV. Сабақты бекіту.

- Енді алған білімдеріңді тексерейік. Қазір біз деңгейлік тапсырмалар орындаймыз.

Өз мүмкіндіктеріне қарай тапсырма алыңдар.

1. А1. «Музыка аспаптары» мәтіні бойынша сұрақтар дайында.

2. А2. «Музыка аспаптары» тақырыбына сөйлесу.

3. В1. «Ғасырлар сазы» мәтінін әңгімелеу.

4. В2. 3-тапсырмадағы сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса.

5. С1. Берілген жай сөйлемдерден жалғаулықсыз

салалас құрмалас сөйлемдер құрастырыңдар.

1) Домбыра - қазақ халқының ең кең тараған ішекті музыкалық аспабы.

2) Ол - қазақ халқының өмірінде маңызды орын алатын аспап.

3) Ол - өзіндік музыкалық сипаты бар аспап.

4) Домбыра, негізінен, екі ішекті, кейде үш ішекті болып келеді.


6. С2. «Домбыра» тақырыбына әңгіме құр.

Белгілі бір композиторға, әншіге немесе күйшіге хат жаз.

V. Сабақты қорытындылау.

- Бүгін біз сендермен қандай музыка аспаптарымен таныстық?

Қазақ музыка аспаптары түрлерін атаңдар.



VI. Оқушылардың білімін бағалау.

Оқушылар бірін-бірі бағалайды. Рефлексия жүргізіледі.

VII. Үй тапсырмасы:

1. Сызба бойынша сөйлемдер құрастырыңдар.

2. «Қазақтың музыкалық аспаптары» тақырыбына әңгіме дайындаңдар.

3. Ішекті аспапқа сипаттама беріңдер.

Меруерт ТАБЫЛҒАНОВА,
Қарағанды қаласындағы
№53 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

САУАТТЫ СӨЙЛЕТКЕН БАЛУАН ШОЛАҚ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – күш өнерінің иесі, қазақтың атақты композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген Балуан Шолақ туралы мағлұмат беру; **дамытушылық** – сауатты, дұрыс сөйлеу дағдыларын, ой-өрісін дамыту, қорытынды жасап, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге үйрету; **тәрбиелік** – ер жігіттің бір басына жететін осынша өнерді бойына жиған Балуан Шолақтай жан-жақты өнер иесі болуға тәрбиелеу.

Түрі: іздендіру сабағы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, палуандардың портреті, қосымша сабаққа қажетті материалдар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу.

Қызығушылықты ояту.

«Ойқозғау». Өлеңнің авторын табу.

Балуанмын қазақта күшім асқан,

Достарым алып палуан орыстардан.

«Черный Иван» атанып он екі жыл

24 патшаның жерін басқам.

Бұл өлеңнің авторы кім? (К.Мұңайтбасов)

II. Үй жұмысын тексеру.



III. Жаңа сабақ. Балуан Шолақ Баймырзақұлы.

Сөздікпен жұмыс:

Хан тауының етегінде – у подножья горы Хан;

Жауырыны жерге тимеген – не проигравший;

қабырғасын сындырды – сломал ребра;

таңқалдыру – восхищятся;

кір – гир.

Мәтінді оқып, аудару; мәтінге байланысты әр топ бір-бірлеріне сұрақ қойып, жауап береді.

Балуан Шолақ Баймырзақұлы

Балуан Шолақ Баймырзақұлы 1864 жылы Жамбыл облысының Хан тауының етегінде дүниеге келеді.

14 жасынан бастап күресіп, балуан атанған. Азан шақырып қойған аты – Нұрмағанбет.

Жауырыны жерге тимеген балуан 1899 жылы орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырады. Көкшетауда өткен үлкен жәрмеңкеде 51 пұт (830-дай) кірдің тасын көтеріп, жұртты таңқалдырады.

Балуан Шолақ – ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпаз. Шауып келе жатқан аттың үстінде түрлі жаттығулар жасаған.

Ол – қазақтың халық композиторы. “Ғалия”, “Дүние”,

“Сентябрь”, т.б. сияқты әндердің авторы.

Алматыда Балуан Шолақ атында спорт сарайы бар.

Мағынаны ашу кезеңі.

I топ. Кесте бойынша Балуан Шолаққа мінездеме беру.

Балуан Шолақ қандай адам еді?	Мәтіннен теріп жаз.
Алып күш иесі.	
Ат өнерінің шебері.	
Әнші- композитор	

II топ. Мәтін бойынша кесте толтыр.

Сөз	аударма	синоним	Сөз тіркесі	сөйлем
ат	лошадь	жылқы	жүйрік жылқы	Балуан Шолақ ат өнерін меңгерген бе?

Сергіту сәті. «Қара жорға биі».

Ой-толғаныс.

I топ. Қажымұқан Мұңайтбасов пен Балуан Шолаққа бес жолды өлең жазса;

II топ. Қажымұқан Мұңайтбасов пен Балуан Шолаққа хат жазады.

Рефлексия:

Венн диаграммасы бойынша Қажымұқан Мұңайтбасов пен Балуан Шолақты салыстыру.

Қажымұқан Мұңайтбасов Балуан Шолақ
ортақ қасиеті



Үй жұмысы:

I топ. Мәтінді мазмұндау.

II топ. Балуан Шолақ туралы қосымша мәліметтер жинау.

Бағалау.



Роза МАХАМБЕТОВА,
Алматы облысының
Ескелді ауданындағы
«Қарабұлақ» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЙЛЕУ МӘНЕРІНДЕ – ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) еліміздің тәуелсіздігі туралы өз ойын жетік айта білуге, берілген тапсырмаларды инте-рактив тақтаның мүмкіндіктерін қолдана отырып, дұрыс орындай білуге үйрету. Сауатты сөйлеуге дағдыландыру, сөйлеу мәнерін қалыптастыру; 2) оқушылардың білімін, танымдық қабілетін, сауаттылығын, сөздік қорын дамыту. Ауызекі сөйлеу дағдысын, ой-өрісін кеңейту; 3) Отанға, ел мен жерге, тілге, ұлтқа деген құрметін арттыру.

Әдісі: сұрақ-жауап, қайталау, жазу, талдау, бейнефильм көру. **Көрнекілігі:** актив студия. **Түрі:** пысықтау сабағы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1.1. Сәлемдесу.

1.2. Кезекшімен сұхбат, оқушыларды түгелдеу.

II. Үй жұмысын тексеру.

1. Жаңа сөздер.

2. Өлеңді жатқа сұрау.

III. Жаңа сабақ. Активстудияда жылжымалы мәтінде бүгінгі күн мен сабақ тақырыбы жазылып, жылжып тұрады. Сағат көрсетіліп тұрады.

1.Лексикалық минимум.

Оқушылар бір-бірімен сұхбаттасады.

- Сәлем, Даша!

- Сәлем, Максим!

- Біз кеше сабақта тәуелсіздік туралы әңгімелестік.

Сен бүгін сабаққа дайынсың ба?

- Иә, дайынмын. Сен 16-желтоқсанның ерекшелігін білесің бе?

- Иә, әрине, білемін. Ол еліміздің егемендік алған күні ғой.

- Дұрыс айтасың. Осы елдің азаматы болу қандай бақыт!

- Мен де өз Отанымды өте сүйемін, өскенде еліме қызмет етемін.

2. Сөздік диктант:

жер жүзі, дүние жүзі, мойындаған, қағида, мақұлдады, іле-шала, лезде.

3. Осы сөздердің синонимін жазу: оқушылар жазғаннан кейін, дұрыс нұсқасы ашылады, оқушылар салыстырып, сөздерді жылжыту арқылы орынына қояды.

4. Осы сөздердің орысша аудармасын жазу: бұл жұмыс та дәл осылай орындалады.

IV. Сабақты бекіту.

Тапсырма. **Берілген сөйлемдердің бос орындарын қажетті суреттермен толықтырып, ауызша айтып беру** (Суреттерді бос орындарға жылжытып қояды, сонан соң оқушылар сөйлемді толық оқиды).

Қазақстанда 130-дан астам (диаспора) тату-тәтті тұрады.

Біздің елімізді ... басқарады.

Қазақстан ... мемлекеттерімен шектеседі.

Қазақстан Республикасының ... -нда ... бейнеленген.

Алматыда ... бар.

Тапсырма. Берілген сөздерді септік жалғауларына қарай бағандарға орналастырындар.

Қазақстанның, мүшелігіне, елімді, отбасынан, атамекенде, Отаным, елдермен, мемлекет, жаңалығын, халықпен, туған жеріңді, шекарасы, заңында, қатарларына.

Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес

Тапсырма. Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.

Қазақстан 1991 жылы өз егемендігін алды.

Сол жылы ол Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданды.

V. Қорытынды:

1. Жаңа сабақ бойынша сұрақтар қойып, білімін бекіту.

2. Активстудияда «Тәуелсіздік шежіресі» атты бейнефильм көру.

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма: 1) Отан туралы мақал-мәтел жаттау; 2) «Менің тәуелсіз елім» тақырыбына эссе жазу.

Айгүл ЕЛУБАЕВА,
Қарағанды қаласындағы
№53 мектеп-лицейдің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІН ҚАЙТАЛАТҚАН – ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың жыл мезгілдері туралы алған білімдерін қайталау, пысықтау, жаттығу жұмыстары арқылы бекіту; **дамытушылық** – білім, білік дағдыларын дамыту, ойлау, сөйлеу дағдыларын орнықтыру, тілін жетілдіру, ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, дамыту; **тәрбиелік** – табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** аударма, түсіндірме, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын, т.б. **Көрнекілігі:** оқулық, тақта, жыл мезгілдерінің суреттері, сөзжұмбақ, таратпалар, жетондар, Дымбілмес, Буратино.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.


- Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.
- Сабаққа бағыттау.
- Балалар, қазір қай сабақ?
- Нешінші сабақ?
- Бүгін нешесі?
- Аптаның қай күні?
- Үйге қандай тапсырма берілді?

II. Үй жұмысын тексеру.

Жыл мезгілдері туралы берілген мақал-мәтелдерді сұрау.

III. Жаңа сабақ.

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын сөзжұмбақ шешу арқылы табайық.



Сөзжұмбақтың сұрақтары:

1. Қыстың соңғы айын ата.
2. Күздің бірінші айын ата.
3. Күзде жапырақтар не түстес болады?
4. Қыстан кейін келетін жыл мезгілін ата.
5. Көктемде қар не істейді?
6. Қай мезгілде жапырақтар сарғаяды?
7. Бәйшешек дегеніміз не?
8. Күзде жеміс-жидектер не істейді?
9. Жазда жапырақтар қандай?
10. Қыста адамдар жылы не киеді?

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – жыл мезгілдері. Сабағымыздың мақсаты: жыл мезгілдерін қайталау.

Тақтадағы суреттермен жұмыс, суреттерге байланысты сұрақтар.

Қыс

көктем

жаз

күз

- Бір жылда неше мезгіл бар?

- Қазір қай мезгіл? - Ауа райы қандай?
- Балалар, тақтаға қараңдаршы, бізге бүгін қонақтар келіпті, олар кімдер?
- Дымбілмес пен Буратино.
- Дұрыс балалар, олар – бүгінгі сабағымыздың қонақтары.

Буратино бүгінгі сабаққа жақсы қатысқан оқушыларға жетондар береді, кім көп жетон жинаса, сол жақсы баға алады.

Ал, Дымбілмес мынадай сөйлемдер жазып келіпті, біз оқып, оның қатесін дұрыстайық.

1. Жаз айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.
2. Жазда жаңа жыл болады.
3. Күзде құстар ұшып келеді.
4. Көктемде жапырақтар жасыл.
5. Қыста құстар ұшып келеді.
6. Көктемде жемістер піседі.
7. Қыста балалар суға шомылады.
8. Жазда суық жаңбыр жауады.
9. Күзде жапырақтар жоқ.

Дымбілместің сөйлемдерін оқығанда, оқушылар қатесін жөндеп, толық дұрыс жауаптарын айтып отырады.

- Балалар, Дымбілмес жыл мезгілдерін шатастырады екен, біз бүгін тапсырмаларды орындай отырып, оған жыл мезгілдері туралы айтып, үйретейік.

- Буратино бізге, балалар, 4 жұмбақ әкеліпті, біз соны шешейік.

1-жұмбақ.

Дала ақ мамыққа оранады,
 Аяз, боран болады,
 Адамдар жылы киінеді.
 Бұл қай кезде болады?

Таратпалармен жұмыс.

- Балалар таратпалар – әр түрлі қар, жапырақ, гүл және бәйшешек бейнесінде, тапсырмаларды орындап, әр таратпаны сол жыл мезгіліне қатыстысына апарып жабыстыру керек.

Қыс айларын ата	Көктем айларын ата	Күзде құстар не істейді?	Жазда ауа райы қандай?
Қыста қандай үлкен мереке бар?	Көктемде қар не істейді?	Күзде мектептерде не басталады?	Жазда оқушылар не істейді?
Қыста ауа райы қандай?	Көктемде қандай үлкен мереке бар?	Күзде нелер ұшып келеді?	Жазда жапырақтар қандай?
Қыста адамдар қандай киім киеді?	Көктемде ауа райы қандай?	Күз қандай мезгіл?	Жаз айларын ата
Қыста ағаштарда жапырақтар бар ма?	Көктемде құстар не істейді?	Күзде не піседі?	

Сергіту сәті.

Тербеледі ағаштар,
 Алдымнан жел еседі.
 Кіп-кішкентай ағаштар
 Үп-үлкен боп өседі.

2-жұмбақ.

Алма, алмұрт піседі,
 Жапырақтар түседі,
 Күн суыта бастайды. Бұл қай кезде болады?

- Балалар, енді сабағымыздың грамматикалық бөлігіне көшейік, сын есім дегеніміз не? Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?

Жазылым.

Көп нүктенің орынына тиісті сын есімді жазып, көшіріп жазындар, бірнеше оқушы тақтаға шығып жазады.

ескерту. Мысалы: Артем, сен нешеде тұрасың? Таңертеңгі асты нешеде ішесің? Одан кейін не істейсің?, т.б.).

- Ендеше, балалар, бүгін біз сендермен бірлесіп, «Менің күн тәртібім» деген сабақты пысықтап, қайталаймыз.

III. Сөздікпен жұмыс:

күн тәртібі – режим дня;

жаттығу – упражнение;

таңертеңгі ас – завтрак;

түскі ас – обед;

кешкі ас – ужин;

демалу – отдыхать;

ауысым – смена.

Сөздерді мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды, сөз тіркестерімен сөйлемдер құрайды.

IV. Мәтін. Күн тәртібі.

Мен сағат жетіде тұрамын, төсегімді жинаймын. Сағат жетіден он минут кеткенде жаттығу жасаймын. Жеті жарымда жуынамын, тамақтанамын. Жетіден қырық минут кеткенде мектепке келемін. Сағат сегізде сабақ басталады. Сағат бірден жиырма бес кеткенде сабақ аяқталады. Сағат екіде үйге келемін. Сағат екіден жиырма минут кеткенде түскі асымды ішемін. Сағат үште демаламын. Сағат үш жарымда сабақ оқимын. Сағат бесте ата-анама көмектесемін. Сағат алтыда далада ойнаймын. Сағат жетіде теледидар көремін. Сағат сегізде кешкі асымды ішемін. Сағат тоғызда ұйықтаймын.

Атқарылатын шаралар: а) мәтінді аудару;

ә) мәтін бойынша сұрақтар қойып, жауап беру.

V. Слайдта көрсетілген суреттер бойынша Күн тәртібін құрастыру.

VI. Сергіту сәті.

Бір, екі, үш,

Бір, екі, үш.

Ал, кәнеки, ұш.

Төрт, бес, алты, жеті.

Төрт, бес, алты, жеті.

Анау – ауыл шеті.

Сегіз, тоғыз, он,

Сегіз, тоғыз, он.

Ал, кәнеки, қон.

VII. Ал, енді, грамматикаға көңіл бөлейік.

Слайдта көрсетілген кеспе бойынша оқушылар үш топқа бөлініп, ауызша сөздерді септейді.

I топ. Ауысым.

II топ. Сағат.

III топ. Оқушы.

- Жарайсындар, балалар, тәуелдік жалғауын қайталап жіберейік.

	жекеше:	көпше:
Күн тәртібі:		
I жақ. Менің		
II жақ. Сенің		
Сіздің		
III жақ. Оның		

VIII. Деңгейлік тапсырмалар:

III деңгей.

1. 1-ден 100-ге дейін санау.

2. Апта, ай аттарын атау.

3. Жаңа сөздерді айту.

II деңгей.

1. Сағат неше деген сұраққа жауап бер.

2. Сандарды сөйлет.

3. Сөздіктегі сөздермен сөйлемдер құрау.

I деңгей.

1. Сурет бойынша «Күн тәртібі» атты әңгіме құра.
2. 1-тапсырма бойынша сан есімдерді оқып, цифрмен жаз.

3. Өз күн тәртібінді айт.

Оқушылар деңгейлік тапсырмаларды таңдап, қалағандары бойынша жұмыс істейді.

IX. Қорытынды. «Шеңбер бойымен әңгімелеу» дидактикалық ойыны.

Ойын шарты: Мұғалім тақтаға бір оқушыны шақырады, сол оқушы көзін жұмып тұрып, кез келген баланы нұсқайды, нұсқаған бала күн тәртібін айтуы керек. Содан кейін келесі баланы нұсқап, ол септіктердің сұрақтарын айтуы керек, келесі бала тәуелдік жалғауын айтуы керек.

X. Бағалау.

XI. Үйге тапсырма: Күн тәртібін құрап, мазмұндап келу.



Ақайша ЕЛУБАЙҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласындағы
№26 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН «СЫН ЕСІМ» СЫРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың таным дүниесін кеңейту. Тәуелсіз Қазақстан туралы алған білімін тиянақтай отырып, грамматикалық тақырыпты

бекіту; **дамытушылық** – оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту, есте сақтау, ауызекі сөйлесу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттыру.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдістері:** топпен жұмыс, әңгімелесу, талдау, сын тұрғысынан ойлау. **Пәнаралық байланыс:** география, тарих, қазақ әдебиеті.

Сабақтың барысы:

Мұғалімнің сөзі:

- Балалар, 16-желтоқсанда қандай мемлекеттік мейрам болды? (Тәуелсіздік күні).

- Тәуелсіздік күні қай республиканың мейрамы? (Қазақстан Республикасының).

- Біздің республикамыз қандай мемлекет? (Тәуелсіз, егеменді, көп диаспоралы).

- Лаура, сенің ұлтың қандай? (Қазақ).

- Сенің Отаның қандай ел? (Қазақ елі – Қазақстан Республикасы).

- Лаура, сен Отан деген сөзді қалай түсінесің? (Менің туып - өскен жерім. Ата-бабаларымыздың рөлі).

- Алеша, сенің ұлтың кім? (Орыс).

- Сенің Отаның не?

- Неге, не себепті сенің Отаның Қазақстан?

- Қазақстан Республикасы қанша ұлт өкілдері тұрады? (130 ұлт өкілдері).

Қазақстанда тұратын барлық халықтардың Отаны – Қазақстан Республикасы.

- Бүгінгі сабағымыздың

Лексикалық тақырыбы: «Қазақстан Республикасы»,

Грамматикалық тақырыбы: «Сын есім».

Біздің мақсатымыз:

Өткен сабақта «Қазақстан» туралы алған білімімізді қайталау. Грамматикалық тақырып: «Сын есімді» практикалық жолмен меңгеру. Сабақта біз лексикалық, грамматикалық тақырыптарды компьютер арқылы электрондық оқулықпен жұмыс жасап, қорытындылаймыз. Осы тақырып бойынша әр түрлі тапсырмалар, жаттығулар, жазба жұмыстар, тестілік жұмыстар, эссе беріледі.

I. Компьютермен жұмыс.

- Балалар, компьютердегі электрондық оқулықтың бетін ашыңыздар. Оқулықтағы мәтінді тауып, аудио тыңдалым арқылы оқимыз (мәтін тақтада).

II. Сөздікпен жұмыс.

Тәуелсіздік, сүйіспеншілік, байырғы, тәуелсіздікке, қол жеткізді, шырқалады.

1) Сөздерді оқып, аударарды.

2) Сөз тіркестерін құрастырады (сөздік тақтада).

III. Мәтінге сұрақ құрастырады.

IV. Грамматика.

- Балалар, мәтінде сын есім сөздері бар ма?

Сын есім дегеніміз не? (ережесін сұрау).

Тапсырма.

Мәтіннен сын есімдерді тауып, түрлерін ажырату:

- тәуелсіз – қатыстық, туынды;

- мемлекеттік – қатыстық, туынды;

- ұлттық – қатыстық, туынды;

- алтын – негізгі, сапалық;

- көк – негізгі, сапалық;

- байырғы – қатыстық, туынды.

V. Мәтін бойынша диалог сұрақтарын құрастыру.

- Балалар, енді мынадай тапсырма орындайсыңдар. Мәтінді 2 бөлімге бөліп, сөйлемдерге басқа, қосымша сұрақтар құрастырасыңдар. Сұрақтарды бір-біріңе қойып, жауаптарын айтасыңдар.

I қатар.

I сөйлемнен – «Қазақстан – тәуелсіз ел» деген сөйлемнен «Мемлекеттік рәміздер» деген сөйлемге дейін.

II қатар.

«Тудың түсі көк» деген сөйлемнен бастап «Республика күні» деген сөйлемге дейін (тапсырмаға 3 минут беріледі). Сол кезде «Қазақстан Республикасы» тарауының «оқылым» бөлімінің көрінісі көрсетіледі. Музыка ойналады.

VI. - Енді, балалар, Дана бізге қосымша материал дайындап келді, соны тыңдап көрейік. (Оқушы тақтаға шығып айтады. Сол кезде «география» тарауының «оқылым» бөлімінен бейнекөрініс тақтада көрсетіледі).

- Қазақстан неше аймаққа бөлінеді?

(Батыс, Шығыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық).

- Батыс Қазақстан неге бай? (Мұнайға бай).

Солтүстік Қазақстанның қандай сұлу жерлері бар?

(Көкшетау, Баянауыл жерлері).

- Орталық Қазақстан қалай деп аталады? (Сарыарқа).

- Шығыс Қазақстанның қандай әдемі көлдері бар? (Зайсан, Марқакөл).

- Оңтүстік Қазақстанда не өседі? (мақта, көкөніс, жеміс - жидек).

Компьютермен жұмыс.

- Енді, балалар, лексикалық тақырып бойынша тапсырмаларды орындаймыз. «Қазақстан Республикасы» деген тарауды ашып, «оқылым» бөліміндегі 1.3.4-тапсырмаларды орындаймыз.

1 тапсырма. Керекті сөздерді пайдалана отырып сөйлем құра.

Керекті сөздері:

Сүйіспеншілік, байырғы, мемлекеттік, туы, бейбітшілік, ұлттық, тәуелсіздікке, шектеседі, түсі, құқықтарын, шаңырақ мерекелері. (Дәптерлеріне бір сөйлемнен жазып, оқып береді).

3-тапсырма. Телефон арқылы сөйлескен Жанар мен Алмастың арасындағы диалогтың реттік нөмірін жазыңдар. (Тексереміз, оқушылар бір-біріне сөйлесіп, сұрақ қояды).

4-тапсырма. Тиісті сөздерді орынына қой. Оқушыларға мұғалім сұрақ қояды. Оқушылар оқып береді. Оқушылар тақтаға қарап, тексереді (Алеша орындайды).

Грамматикалық тапсырмалар.

- Өте жақсы, балалар, лексикалық тақырып бойынша мәтінмен жұмыс жасадық, тапсырмалар орындадық, енді грамматикалық тапсырмаларды орындаймыз. (3.8)

3-тапсырма. Сызба бойынша мағыналарына қарай жұптастырыңдар.

1. Орманды дала.
2. Жастық шақ.
3. Мемлекеттік тіл.
4. Жаңбырлы күн.
5. Қалалық жастар.

6. Тапқыр робот.

7. Білімді озар (туынды, қатыстық).

(Бір оқушы басты компьютермен жұмыс істеп, тақтада көрсетіп тұрады).

8-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді тауып, тақтаға жазыңдар.

1. асыл –
2. әдепті –
3. сұлу –
4. биік –
5. жылы –
6. адал –

Тапсырмалар:

1) туынды сын есімді құрастыру.

2) сын есімдермен тақырыбына байланысты сөйлем құрастыру.

«Қазақстан Республикасы» деген тарауды ашып, «Сөздік» оқылымынан жаттығуларды орындаймыз. (4.5.11)

4-жаттығу. Сұрақтардың жауабын тауып, белгілердің үстіне жазыңдар.

Бір оқушы басты компьютермен жұмыс жасайды. (Орындап болғаннан кейін тексеріп, оқып шығу).

- Қазақстанның табиғи байлықтары қандай? (Қазақстанның табиғи байлықтары мол).

- Республика жерінде қандай элементтер бар? (Онда Менделеев кестесіндегі элементтердің 99 түрі бар).

- Қазақстан пайдалы қазба байлық қорлары бойынша әлемде нешінші орын алады? (Қазақстан пайдалы қазба байлық қорлары бойынша әлемде алтыншы орын алады).

5-жаттығу. Сұрақтардың жауабын суреттен көрсет.

I оқушы айтып, компьютермен көрсетіп отырады.

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасының басты белгісі? (шаңырақ).

2. Шаңырақты пырақ қоршап тұр.

3. Елтаңбаның жоғарғы жағында бесжұлдыз бар.

4. Елтаңбаның төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар.

Жаттығу жұмыстары.

11-жаттығу. Мағынасы ұқсас синоним сөздерді жұптастырыңыз.

I оқушы басты компьютермен жұмыс жасайды.

1. Тату - ынтымақтастықта.

2. Кең-байтақ - өте үлкен.

3. Отан - Отан.

4. Тәуелсіздік – егемендік.

5. Шектеседі – көршілес.

Тапсырма. Мына сөйлемдермен сөйлем құрастыру. Сын есімді сөздердің түрлерін ажырату.

География деген тарауды ашып, «Оқылым» бөліміне кіріп, 4, 10-тапсырмаларды орындау.

4-тапсырма. Дұрыс немесе бұрыс сөйлемдерді анықтаңыз.

Дұрыс сөйлемдерді оқып беру:

1) Аумағының төрттен бір бөлігі – шөл мен шөлейт дала.

2) Хантәңірі шыңының биіктігі – 6,695 метр.

3) Құмды жерлерде сексеуіл өседі.

10-тапсырма. Мына сөздер арқылы сөйлем құрастырыңыз.

1. Қазақстанның табиғаты алуан түрлі.

2. Мұнда – ойпаттар мен төбесін мәңгі қар мен мұз басқан биік таулар.

3. Аумағының ширек бөлігін шөл мен шөлейт дала, қалған бөліктерін таулар және теңіздер мен көлдер алып жатыр.

4. Тянь-Шань, Қаратау, Алтай, Көкшетау, тағы басқа таулар бар.

5. Каспий мен Арал теңізінің бөліктері, Жайық, Сырдария, Іле, Ертіс өзендері, тағы басқа сулар бар.

- Енді, балалар, компьютерлеріңді сөндіріңдер.

Тест сұрақтарымен жұмыс.

- Балалар, сұрақтарға жауап бересіңдер, бір-біріңізді тексеріп, баға қоясыз.

- Енді тақтаға қарап, дұрыс жауаптарын тексеріңдер.

Эссе жазу.

«Қазақстан» тақырыбына эссе жазу.

(Жазып болғаннан кейін 1, 2 оқушының эссесін оқыту).

Сабақты қорытындылау:

1) Үй жұмысы. Мазмұндамаға дайындық.

2) Бағаларын қою.

3) Сабақты түйіндеу.

- Балалар, сабақта біз не істедік? Қандай жұмыс жүргіздік? Отанымызды, туған жерімізді, туған елімізді біз не істеуіміз керек? (Отанды құрметтеу, қадірлеу керек). Отан үшін біз не істеуіміз керек? (Отан үшін еңбек етуіміз керек). Ал, сіздер қалай еңбек етесіңдер? (Сабақты жақсы оқимыз).

Айжан ИБРАЕВА,
Ғалия УКИЕНОВА,
Ғабит Мүсірепов атындағы
№43 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.
Петропавл қаласы.

АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕҢ, АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ!

Іс-шараның мақсаты: Абай өлеңдерін терең меңгерту. Көркемсөз шеберліктерін арттыру. Абай өлеңдерінің мағынасын біліп-үйренуге талпындыра отырып, жатқа айту дағдыларын дамыту.

Міндеттері: ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, Абай өлеңдерін жаттау барысында оқушыларды ақ пен қараны, жақсы мен жаманды, еңбек пен жалқаулықты ажырата білуге тәрбиелеу, поэзияны сүюге баулу, Абайдың ұлылығын терең сезіндіру.

Байқаудың шарттары: «Абай оқулары» байқауына 5-11-сыныптары аралығында қазақ және өзге ұлт оқушылары қатысады.

Байқау үш тапсырмадан тұрады:

- Көркемсөз оқу шеберлігін айқындау: Абай өлеңдерін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жатқа оқу.

- Жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан жатқа үзінді оқу;

- Әншілік өнер – Абай әндерін орындау (қазақ тілінде бір ән). Әнге музыкалық сүйемелдеуді (минус) қолдануға

болады.

Үміткерлердің өнерін бағалау кезінде олардың:

- көркем мәтінді оқу шеберлігіне;
- қазақ тілінде орфоэпиялық тұрғыдан таза сөйлеуіне;
- әнді орындау қабілетіне;
- сахналық мәдениетіне назар аударылады.

Қолданылған көрнекіліктер:

Абайдың суреті, Абай шығармаларының көрмесі, интерактивті тақта (слайд), бейнефильм, плакаттар.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы.

Мәнерлеп оқу сайысының барысы:

Абайдың «Көзімнің қарасы» әні естіледі.

Тақтада эпиграф: «Абай – дана,

Абай – дара қазақта».

Жүргізуші:

- Айдын шалқар көлім бар,

Ну орманды жерім бар,

Күннен- күнге көркейген

Менің байтақ елім бар.

Олейникова Юлия «Жасай бер, егемен елім-ай» деген өлеңін оқиды.

Жүргізуші: - Армысыздар, қадірлі қонақтар!

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазіргі қазақ тілі өркендеген мәдениеттің тілі, ғылым тілі, публицистика, ресми іс-қағаздарының тілі болып, стиль жағынан жан-жақты сараланды.

Қазақ тілі - өте бай тіл. Ғабит Мүсірепов айтқандай: «Поэзияда Абай, Ілияс сияқты, прозада Мұхтар сияқты алыптар туған тіл. Мен осындай тілімізді таза ұстайық деймін.»

Бүгінгі мәнерлеп оқу сайысымызды Қазақстан халқының тілдер апталығында өткізіп жатырмыз. Бұл шарамыз қазақтың біртуар ақыны – Абай данамызға арналады.

Жүргізуші:

- Ал, келіндер, келіндер

Бір-біріңе еріндер.

Көркем сөзбен көмкеріп,

Сайысқа қатысып көріңдер,- деп қатысушыларды қарсы алайық.

Музыка әуенімен балалар залға кіреді.

Тізім бойынша 18 оқушы қатысты (5-11-сынып оқушылары).

Жүргізуші:

- Әділ қазы береді

Өздеріңе билікті.

Сайыста кім жеңеді,

Алады сол сыйлықты,- деп қазылар алқасымен таныс болайық.

Қазылар алқасы:

1. Әубәкірова Л.Е. (Тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары, қазақ тілі маманы).

2. Құсайынова Г.К. (мектеп кітапханашысы, орыс тілі маманы).

3. Мұхамеджанова С.А. (ағылшын тілі маманы).

Жүргізуші:

-«Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адалдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге!» -деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, Абайдың әр сөзін терең бойға сіңіріп, үңіле отырып, сезіну – тек әдебиет айдынында жүргендердің

ғана емес, сонымен қатар нұрын, сырын көре білер, көкірегі ояу әрбір азаматтың парызы.

Ендеше, балалар, біз осы уақытқа дейін Абай шығармаларын ғана емес, ол туралы көрген-білгендерімізді ойға түйіп, еске түсіріп, бүгінгі сайысымызда әр түрлі тақырыпқа жазылған шығармаларын мәнерлеп оқимыз.

Жүргізуші:

- Абай лебі - заманының тынысы,

Абай үні –ғасырлардың өрісі,- деп сайысымызды бастаймыз.

Бірінші бөлім: Абайдың асыл сөзі.

Абай – ұлы ақын.

Абай өлеңі – сезімнің жемісі. Буырқанушы, шабыттанған сезімнен туған лирикалары адам жанын тебірен-теді. Құдіреттілігі де сондықтан.

Бірінші сайыскерлерді шақырамыз.

Абайдың табиғат лирикасы.

Ақынның ішкі жан-дүниесінің сезімі, табиғат көріністері, адам және табиғаттық байланысы. Бұл шығармалары – шеберлікпен, зор мәдениетпен жазылған жырлар.

Осы бөлім бойынша қатысушыларды шақырамыз.

Абай – жазушы, философ.

Ақын адамдарды құлшына алға басуға жігерлендіріп, әділетті, ақиқатты сөз ететін, тәрбиелік мәні күшті қара сөздер жазды. - дей келе, қарасөздерінен үзінді тыңдаймыз.

Абай – шебер аудармашы.

Ойы – терең, түрі – көркем, өзінше айтсақ, «іші – алтын, сырты – күміс» сөз жақсысын жаза білген Абай – қазаққа ғана емес, туысқан елдердің көптеген талантты ақындарына ұстаз. Ол Гетенің, Пушкиннің, Лермонтовтың,

Крыловтың шығармаларын қазақшаға аударып, шебер аудармашы атанды.

Осы бөлім бойынша қатысушылар шақырылады.

Абай – сазгер.

Қазақ халқының мәдени мұрасында Абай шығармашылығы маңызды орын алады. Қазақ халқы Абайды тек данышпан ақын әрі ағартушы ретінде және көптеген халық әндерінің авторы болғандықтан оны сазгер деп таниды.

Осы бөлім бойынша қатысушылар шақырылады.

Осымен, **«Асыл сөзді іздесең,**

Абайды оқы, ерінбе!» атты сайысымыз өз мәресіне жетті.

Әділ қазылар Абайдың өлеңіне көңіл аударады.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы»,- дегендей, енді Абайдың шығармашылығына арналған сайыстың қорытындысына кезек берейік.

Марапаттау рәсімі.

Жүргізуші:

- Қымбатты балалар, қонақтар!

Адам өзі өлсе де, еңбек жолы, яғни, Абайдың аудармалары, өлеңдері, поэмалары, қарасөздері, әндері ешқашан өлген емес. «Елінің даңқын батыры шығарар, батыры шығармаса, ақыны шығарар» деген – осы.

Талапты жастарымыздың болашағы жарқын, атар таңы арайлы болсын!

Сәт сапар тілейміз!

Сыныптан тыс тәрбие

Айман ӨМІРЗАҚОВА,
Н.К.Крупская атындағы
№10 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Петропавл қаласы.

КӨРКЕМ СӨЗБЕН КӨМКЕРІЛГЕН ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗ

Еліміздің тәуелсіздігі күніне орай өткізілетін ертеңгілікте балалардың білімдерін сұрақ-жауап, ойын арқылы кеңейту мақсаты көзделіп, көркем сөз және ән, әңгімелер арқылы олардың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, музыка тәрбиесі арқылы Отанға деген сүйіспеншілігін, шығармашылық белсенділігін арттыруға назар аударылады.

Балалар Асылбек Еңсеповтің **«Әке толғауы»** әуенімен залға кіріп, екі топқа бөлініп тұрады.

Әнұран орындалады.

Залға ат мінген бала шауып кіреді.

Сүйінші, сүйінші! Тәуелсіз болғанымызға 22 жыл толды!

1-жүргізуші: - Кел, жоғары шық. Сүйіншіңді ал. (Балаға сыйлық-кәде беріледі, ол әрі қарай шауып кетеді).

Ендеше, бүгінгі салтанатты іс-шара осы тәуелсіздігіміздің 22 жылдығына арналады.

2-жүргізуші: - Армысыздар, құрметті қонақтар! Міне, дүниені дүр сілкіндіріп келген тәуелсіздігімізге 22 жыл толып отыр. Ендеше, мерекелеріңіз құтты болсын!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын деп тілейік! Еліміз аман, берекелі заман болсын!

1-жүргізуші: - Жақсы оқып, тәрбиелі, Отанын сүйетін азамат болып өсейік!

Вита: - Нұр шашады алтын күн,
Отанымда – мереке.
Қона берсін еліме
Бақыт, шаттық, береке!

Елизавета:

- Армандарды жақындатып, тым алыс,
Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс.
Егемендік – ел бақыты ертеңгі,
О, халайық, құтты болсын қуаныш!

Сұлтан: - Атыңнан айналайын егемен ел,
Тәуелсіз күнің туды, кенеле бер.
Мерейің құтты болсын, Тәуелсіздік,
Ғасырдың тойы болшы, көгере гөр!

1-жүргізуші: - Балалардың орындауында «**Біз тәуелсіз ел болдық**» әні, сөзі – М.Керейбаевтікі.

Настя: - Салтанатты күн бүгін,
Шырқалады Әнұран!
Көк аспандай Туымда
Қалықтайды жас қыран.

2-жүргізуші: - Ән: «*Туған ел*».

Қазыбек би қобыз ырғағымен залға кіреді.

1-жүргізуші: - Сәлеметсіз бе, ата! Сіз кім боласыз?

Қазыбек би: - Мен - қаз дауысты Қазыбек бимін. Елде тек бірлік пен береке, тыныштық тілеген билердің бірімін. Уақыт машинасына отырып, қазақ жерлерін аралап жүрмін. Жеріміз өзгеріп, сәнденіп кетіпті ғой!

1-жүргізуші: - Иә, ата, талай заман өтті, еліміз талай өзгерістерге ұшырады.

Қазыбек би: - Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жәй жатқан елміз, еліміздің құт берекесі қашпасын деп, басымыздан сөз асырмаған елміз, достығымызды сақтай білген елміз.

1-жүргізуші: - Ата, балалы үйдің ұрлығы жатпас дегендей, Қазақстан қандай ел болғанын балалардан сұрайықшы?

Балалар: - Қазақстан – көп диаспоралы, егеменді, тәуелсіз ел.

2-жүргізуші: - Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Олар қалай тұрады?

Балалар: - Олар тату-тәтті тұрады.

(Ұлттық киімдерін киген түрлі ұлт өкілдері келеді).

- Исянмысыз, құрметті қунақлар!

Миним атым – Дамир.

Ұлтым татар.

Жалауымда - нұрлы Күн,

Нұрын шашып тұр бүгін!...

Паш етеді ол: Халқымның

Ынтымағын, бірлігін!...

- Сәлеметсіздер ме, қайырлы қонақтар!

Менің атым – Мәдина. Менің ұлтым - қазақ.

Құқығы әр ұлттың тең,

Ада күңкіл-шүңкілден:

Жүз түрлі ұлт пен ұлыстар

Ұғысады бір тілмен...

- Guten Tag! Ich heise Аня. Менің ұлтым- неміс.

Ортақ дәстүр, ғұрып бай.

Ынтымағын суытпай:

Шаңырақты көтерген,

Жүз түрлі ұлт -
Жүз уықтай!

- Здравствуйте дорогие гости! Меня зовут – Данил.

Менің ұлтым – орыс.

Шыңға тартса салып жол,

Қиналмайды талып бел:

Жүз иыққа сүйенген,

Қазақстан – Алып Ел!

1-жүргізуші: - Балалардың орындауындағы орыс биін қабыл алыңыздар.

Би: «Орыс биі».

Арай: - Біреу ғана туған жері адамның,
Менің жерім жері болған атамның.
Туған жерді сүю үшін мәңгілік,
Ақ сәлделі тауларынан бата алдым.

Мұхамед: - Туған жердің әр тасы құнды маған,
Жайқала бер, жайнай түс, нұрлы далам.
Саған деген махаббат тыным бермей,
Күндіз-түні кеудемді ұрғылаған.

2-жүргізуші: - Ал, енді, қыздардың орындауындағы биді қабыл алайық.

Би: «Қазақ биі».

1-жүргізуші: - Иә, ата, бір шаңырақтың аясында барлығымыз тату- тәтті тұрамыз.

2-жүргізуші: - Шаңырағымызды көтеріп, ойын ойнап жіберейікші. «*Киіз үй*» ойыны.

1-жүргізуші: - Ал, енді, «*Айналайын*» әнін қабыл алайық.

Қазыбек би: - Бәрекелді! Бұрын елімізді мен сияқты билер, хандар басқарған. Ал қазір елді кім басқарып жүр екен?

2-жүргізуші: - Ата, сұрақтарыңыз көп шығар. Балалар,

атамызға «Тәуелсіз еліміздің ең маңызды парақтары» атты кітапты сыйласақ қайтеді? (*Кітап беріледі*)

Қазыбек би: - (Қазыбек би алғысын білдіреді.) **1-бетін** ашып көрейікші.

Экранда Президенттің суреті. - Бұл кім?

Балалар: - Елбасымыз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Дильназ: - Қазақстан елімнің,
Көшбасшысы – Нұр атам,
Балаларға, үлкенге
Қамқор болған – бұл атам.
Нұрсұлтандай патшасын
Мақтан тұтар ел, Отан!

Қазыбек би: - Енді елді президент басқарады екен ғой.
2-бет, Қазыбек би:- Ал мынау ту ғой, балалар?
(экранда ту)

Бала: - ҚР туы.

(Экранда елтаңба) **Балалар:** - ҚР елтаңбасы.

Қазыбек би: - Жаңа қазақ жерінде 100-ден астам халық өкілдері тұрады дедіңдер, сонда мемлекеттік тіл қай тіл?

Балалар: - Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

1-жүргізуші: - Біз қазақ тілінде ән айта аламыз. Ән айтайық па?

Балалар: - Айтайық!

1-жүргізуші: - Қай әнді айтамыз?

Балалар: - «Тілім менің».

Қазыбек би: - Мынау не?

Балалар: - Мынау - Бәйтерек!

Қазыбек би: - Ол қай жерде орналасқан?

Балалар: - Бәйтерек Астана қаласында орналасқан.
Астана – біздің елордамыз.

Астана туралы өлең.

Арина: - Бабалардың көзіндей,
Даналардың сөзіндей.
Ұлы дала тұрғызды
Ұлы қала өзіндей.

Лера: - Отанымның төрінде,
Сарыарқаның өрінде.
Ту ұстаған Астанам,
Әсем қалам – бас қалам!

2-жүргізуші: - «Астана» биін қабыл алайық.

Қазыбек би: - Ақшаларың қалай аталады?

Балалар: - Теңге деп аталады.

Шакира: - Белгісі егемендік – ұлттық теңге,
Нәр беріп тұр ол біздің туған жерге.
Құлдырамай теңгеміз көтерілсін,
Татитындай маңдайдан аққан терге.

Қазыбек би: - Біздің заманымызда үш би басымызды
қосып, «Жеті жарғы» атты Ата Заң жиынтығын шығарды,
ал ҚР Ата Заңы бар ма?

Бала: - Ата Заңымыз – Конституция.

1-жүргізуші: - Бұл тек үлкендер үшін ғана емес,
сонымен қатар балаларға да арналған заңдар мен ережелер,
құқықтары бар ең қажетті құжат.

Артур: - Ата Заңын елімнің
Құрметтейді бар адам.

Карина: - Алтын Заңым қорғайды
Бар адамның теңдігін.
Әділетті колдайды,
Арқа тұтып ел бүгін.

Алина: - Ол баршаға жөн нұсқап,
Жетелейді жарыққа.
Елбасы оны қолға ұстап,

Ант береді халыққа.

2-жүргізуші: - Ата, елімізде өте жақсы өзгерістер
болып жатыр.

Соның бірі - қазақ баласының тұңғыш рет ғарышқа
ұшуы.

Әлішер: - Қазақтың тұңғыш ұшқышы
Ғарышкер батыр атанды.
Қыраннан ұшып шың құсы,
Жер-Анадан бата алды.
Тоқтар аға салған жол,
Ғарышқа бастап қоймайды,
Ойнаса да балалар
Ғарышкер болып ойнайды.

Қазыбек би: - Бабалар рухы көксеген
Туыпты бүгін ұлы күн!
Бостандық тиген Қазақстан
Мәртебесін көтерсін!

1-жүргізуші: - Ата, Қазақстанның жетістігін көрсеттік,
ал енді біздің мектебіміздің де жетістіктерін тамаша-
лаңыз (екінші кітап сыйланады: «Біздің мектептің
жетістіктері»).

Қазыбек би: - Көрсек көрейік.

Қазыбек би: - Сендердің күндерің күнде той, думан,
қызықты екен ғой.

2-жүргізуші: - Иә, ата, біз өте қызықты өмір сүреміз.

Би: «Қара жорға».

1-жүргізуші: - Ата, бүгін де біздің ең жарқын
күндеріміздің бірі, тәуелсіздігімізге 22 жыл толып, ел
болып, сол мерекені тойлаймыз. Қандай той қонақсыз
өтеді? Бізге мектебіміздің хор үйірмесі келіп отыр. Оларға
сөз берейік.

Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әні.

Айгүл ӘБШЕВА,
Ақтөбе қаласындағы
№26 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.


«ТІЛІМ – ТІРЕГІМ, СОҒЫП ТҰРҒАН ЖҮРЕГІМ»

Мақсаты: егемен елімізде өмір сүріп отырған түрлі ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті дәріптеу, ортақ Отанымызды мадақтау, мақтау, қастерлей білу сезімдерін ояту, мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру. Байырғы тұрғын қазақ халқының ана тілі қазіргі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілінің қадірін асқақтату, қазақтың тілін, мәдениетін, тарихын, әдебиетін қадірлеп, мемлекетіміз жүргізіп отырған саясатқа қолдау көрсетуге шақыру.

Оқушылардың алған білімдерін одан әрі жетілдіруге ықпалын тигізу, ең бастысы – мемлекеттік тіліміздің аясын кеңейтіп, патриоттық сезімді күшейту, қоғамда өз орынын таба білу, ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру, Отанға деген құрмет сезімін тудыру.

Көрнекіліктері: Қазақстан туралы, тіл жөнінде мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазылған плакаттар.

Қазақстан Республикасының жалпы мемлекеттік



1) «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.»

Ғ.Мүсірепов.

2) «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса – оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.»

М.Әуезов.

3) «Әркімнің туған тілі – туған шеше,
Оған бала міндетті сан мың есе!»

С.Мұқанов.

4) «Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең тамашасы»

Ш.Уәлиханов.

5) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі»

ҚР Конституциясы. 7-бап.

Күй орындалады. (Жүргізуші Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» өлеңін оқып тұрады).

1-жүргізуші:

- Армысыздар! Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар! Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің интеллектуалдық марафон байқауының салтанатты мерекесіне қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

- Қазақ даласы кенді Алтай тауларынан Ақжайықтың жасыл жағалауына дейін созылған. Қазақ елі төбесі көк тіреген тауларға да, көлеміне көз жетпес жазық далаға да, айдын шалқар көлдер мен өзендерге де бай, дархан дала.

1-жүргізуші:

- Сол даланы мекен еткен дана халық – қазақ халқы туған тілін “сыры терең жаным” деп, “әнім менен сәнім” деп жырға қосқан, ұлттығымның айғағы, елдігімнің белгісі деп дәріштеген.

2-жүргізуші: Отан.

- Отан – сенің ата – анаң, Отан – тарих, Отан – тіл, Отан – досың, бауырың. Жасаған елің, ер халқың. Отан – өлкең, астанаң, Отан – өлең, Отан – жыр, Отан – аудан, ауылың. Көтерген көкке ел даңқын!

Отан осы, достарым,
Көңілге мұны түйе біл.
«Отан» деп өс, жас қауым,
Оны ардақтап, сүйе біл!

(Күй орындалады).

Туған жер, Туған жер ұғымы, Туған өлке туралы өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды.

1-жүргізуші:

- Қазақ халқы азаттыққа қол жеткізу үшін өте ұзақ жолдардан өтті, тарих беттері бірнеше жүз жылдықтан сыр тартады.

2-жүргізуші:

- Бірақ Қазақстан барлық қиындықты жеңіп тәуелсіздікке қол жеткізді. 1990 жылдың 25-қазанында Мемлекеттің суверенитеттігі жөнінде Декларация қабылданды. Суверенитет – бұл тәуелсіздік. Сол күннен бастап 25-қазан Қазақстан Республикасы күні болып аталып кетеді.

1-жүргізуші:

- Үстіміздегі жылы ел рәміздеріне 22 жыл толды. Мемлекеттік рәміздер туралы өлеңдер оқылады.

2-жүргізуші:

- Жұмыр жерді мекендеген барлық халықтардың, ел-жұрттардың ғасырлар бойы жинақталып, сұрыпталған ұлағатты, даналық сөздері бар. Бұл ұлағатты сөздер өмір шындығын, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, ұлттық психологиясын, қоғамдық дамуын дәл де шебер, мәнді бейнелеуімен құнды. Олар қысқа да болса нұсқа, бейнелі, мағынасы терең болады, сондықтан тыңдаушысын бірден баурап алады. Ұлы адамдардың әр түрлі тақырыпта айтқан ой-пікірлеріне, өнегелі сөздеріне көз жүгіртсек, қазақ тілі туралы білдірген салиқалы ойларына, парасатты

лебіздеріне кездесеміз. Әлемге танымал көрнекті ғалымдардың, саяхатшылардың ой-пікірлері ұлттық тіліміздің ұлылығын танытады.

Мақалдар сайысы: «Мақал – халық қазынасы».

1-жүргізуші:

- Ежелден, атам заманнан, тіл – елдің мәдениеті, әдебиеті, өсіп-өніп, отбасындағы тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттық, жалпы мәдениеттің арнаулы құралы – ғылымның атаулы саласы екендігі даусыз. Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын келешегі.

2-жүргізуші:

- Шынымен де, тіл рухын асқақтату, шынайылығын шыңдату – елін сүйген әр азаматтың міндеті.

- Отан, ел, атамекен, туған жер, Қазақстан туралы өлеңді жатқа айтатын 8 «В» сынып оқушылары.

1-жүргізуші:

- Қазақ халқы – шынында да, ақын халық, әнші халық. Өмір сүйгіш адамның асқақ арманы, мөлдір махаббаты, нәзік сезімі, терең мұңы, ыстық сағынышы оның өнеріне шебер тілмен тізілген.

2-жүргізуші:

- Қазақ тілі – ертедегі қуатты түркі қағанаты, Алтын Орда замандарында да үстем тіл, ұлы тіл, халықаралық тіл болған. Данышпан Қаз дауысты Қазыбек би айтқандай: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз,

ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған жау болса, ордасын таптай білген елміз».

Шағын көрініс.

Тазша:

- Бұл қандай думан, қандай мереке?

Алдар көсе:

- Біз қалайша кешігіп қалдық? (амандасу).

1-жүргізуші:

- Кешіріңіздер, сіздер кімдер боласыздар?

Алдар көсе:

- Біздер ме? Біз сіздерге танымал жандармыз.

Тазша:

- Мен жақсыны жақтаған, жаманды даттаған, ойы орамды, сөзі шалымды, әрі алғыр, әрі тапқыр Тазша бала боламын.

Алдар көсе:

- Ал мен алпыс атқа жүк болар айласы бар, жақсы жанға тигізер пайдасы бар Алдар деген аталарың боламын.

2-жүргізуші:

- Өте жақсы, құрметті қонақтар.

1-жүргізуші:

- Сіздер бүгін үлкен мерекеге, интеллектуалдық марафон байқауының апталығының ашылу салтанатына дәл келдіңіздер.

Алдар көсе:

- Иә, балалар, біздер осы кештің болатынын Саққұлақ бауырымыздан естігенбіз. Кешігіп қалған сияқтымыз.

2-жүргізуші:

- Жоқ, жоқ, тіпті, олай емес. Сіздер дәл уақытында келдіңіздер.

Тазша:

- Жарайды, олай болса біздер де бұл мерекеге құр алақан келген жоқпыз, біздің мына дорбамыз – толы сыйлық. Бірақ біздің шартымыз бар.

1-жүргізуші:

- Иә, ол қандай шарт екенін айтып жіберсеңіздер.

Тазша:

- Ел тарихына, тіліне қатысты сұрақтарымыз бар, дұрыс жауабын берген бала сыйлыққа ие болады.

(Алдар көсе мен Тазша бала сұрақтарын қойып, дұрыс жауап айтқандарға сыйлықтарын береді).

2-жүргізуші:

- Біздің мектебімізде оқушылар арасында осы аптаның ішінде әр түрлі интеллектуалдық сайыстар өткізілді. Олар: «Мақал – халық қазынасы», «Білгірлер» сынағы, «21 ғасырдың жеңімпазы» бәсекесі, «Ғажайыптар алаңы» ойын-сайысы.

Осы бәйгелерде біздің оқушылар қазақ тілінен өз білімдерін, өз өнерлерін көрсетті.

1-жүргізуші:

- Туған жерім нұр шашып, жарық берген. Қуаныш пен мол бақыт алып келген. 16-желтоқсан шуақ болып Тәуелсіздік еліне алып келген.

2-жүргізуші:

- Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт берекең – Отан қымбат
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат,

Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пенен ар қымбат.

1-жүргізуші:

- Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту. Ана тілімізге мән бермеу, оны құрметтемеу – үлкен зиян. Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілін білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Қолына қалам ұстаған әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге, басқа, әсіресе, көрші ұлт тілдерінің де асыл қазынасынан сусындауы, оны кәдеге жарата білуі абзал... Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес.

«Қазақ биі».

Нұрқанат ОЛЖАС,
Қызылорда облысындағы
№173 мектептің оқушысы.

ЖЕЛТОҚСАН

Қазақтың мұзда жанған боздақтары
Оятып ел намысын, боздатты ары.
Сүйетін азаматтар елін, жерін
Биіктен көрінуде, озды аттары.

Ертерек ағып түсіп жұлдыздары,
Елімнің қыршын кетті-ау ұл-қыздары.
Содан бұл ащы сабақ әлі алмаған
Жанымды қарып тұр-ау күнде ызғары!

Ербол мен Қайрат, Ләззат, Сәбиралар
Түске кіріп, ездікті таниды олар.
Солардың тәтті үмітін ақтай алмай
Жүрміз-ау, қылық та жоқ, тіпті, оңар.

Қайтейін, Желтоқсанда жаңғырамын,
Алайда жастарды ойлап қайғырамын.
Қам жасап Жаңа жылға күні бұрын,
Жол таппай босқа адасып қаңғырамын...

2-жүргізуші:

- Тілді қадірлеу – дұрыс сөйлеуден басталады. Жүйесін тауып айтылған сөз жүрекке жетіп, жүйкені босатады. Адам мәдениетінің алғы шарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге, сөйлей білу де – өнер. Тілін білмеген – түбін білмейді. Ондай адам күлдірем деп күйдіреді, сүйіндірем деп сүріндіреді, білдірем деп бүлдіреді, қуантам деп қуартады, келтірем деп кептіреді, жұбатам деп жылатады. Біздің қазақ «Аталы сөз – баталы сөз» дегенде, осы дұрыс сөйлей білуді айтқан.

1-жүргізуші:

- «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп Абай атамыз жырлағандай, мемлекеттік тіліміздің биікте шарықтауына, оның дамуына бәріміз бірдей үлесімізді қосайық.

2-жүргізуші:

- Біздің Республикамыз – көп диаспоралы мемлекет. Жүз отыздан астам ұлттың ұл-қыздары тату-тәтті, ынтымақпен жемісті еңбек етуде.

1-жүргізуші: - Біз қандас болмасақ та, жандаспыз!

2-жүргізуші:

- Қазақстан Республикасы – біздің сүйікті де ортақ Отанымыз! (бірге).

1-жүргізуші:

- Көріскенше күн жақсы болып, аспанымыз ашық болсын! Сау болыңыздар!

Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 01.11.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1090. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – ИП Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№12, 2013 ж., 144 бет, Алматы.